



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПАНДЕМИЯМЕН ӨТКЕН БІР ЖЫЛ



Осыдан бір жыл бұрын төрткіл дүниені шарпыған ковид инфекциясының лаңы біздің елге де жеткен еді. Сол кездегі елдің бас санитары болған Жандарбек Бекшиннің «қақыры бізге де коронавирус жетті» деген тарихи сөзі де осы кезде айтылған еді. Расында, осы сәттен бастап, елдегі індетті жұқтырушылар саны сәт сайын өсе бастады. Бұл елде Президент Жарлығымен төтенше жағдай жарияланып, алаңсыз халықтың өмірі 180 градусқа күрт өзгерген еді. Жер мен көктегі қатынас толық тоқтады. Қалаларда қатаң карантин жарияланып, блок-бекеттер енгізілді.

(Соңы 2-бетте)

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қымбатты әріптестер! Сіздерді көктем мерекесі – Наурыз мейрамымен құттықтаймын!

Біздің халқымыздың тамырын тереңге тартқан тарихында Наурыз мейрамы Ұлыстың ұлы күні деп аталған. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Қытымыр қыстан қысылып шыққан жандар табиғат-ана бусанып, жаңғырып келетін көктемді қуанышпен қарсы алып, мол өнімге үміт артқан. Ерекше мән-мағынаға толы көктемнің бұл мерекесі алдағы күндерге сенім ұялататын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Наурыз мейрамының негізгі мақсаты – қазақ жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық теңдікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға деген жанашырлықты қалыптастыру», – деп атап көрсетті.

Көктем мерекесінің маңызын атап өткен Мемлекет басшысы Наурыз мейрамын тойлаудың тұжырымдамасын жасап, мазмұнын байыта түсуді тапсырды. Жұртшылыққа ұсынылған жаңа тұжырымдамаға сәйкес, бізде халықтың сүйікті мейрамын атап өтуге 10 күн бөлінген. Мереке Көрісу күні деп аталған 14 наурыздан бастау алады. Ырыс пен берекенің, халықтың бірлігі мен ынтымағының белгісіндей болған бұл атаулы күннің маңызы зор. Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаған адамдар бір-біріне жақсылық тілеп, өкпе-назын кешіреді, жастар үлкендерге құрмет көрсетіп, олардың баталарын алады.

Наурыз мейрамының қалған күндері тарихты қадірлеуге, табиғатты сүйеуге, ата-баба рухын қастерлеуге, ізгі істер мен қайырымдылық шараларын өткізуге, ұлттық салт-дәстүрлерді, мәдениет пен спортты, қазақ халқының ұлттық тағамдарын насихаттауға арналған.

Әр отбасы үшін қымбат саналатын жаңару мен жаңғыру мерекесін ыстық ықыласпен қарсы ала отырып, әркім ертеңгі күннен тек жақсылық күтеді. Баршаңызға мықты денсаулық, бақ-береке, ырыс-ынтымақ тілеймін!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

СҰХБАТ

Серік ЕРҒАЛИ,
мәдениеттанушы:

«НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ АЙНАЛДЫРЫП ЖІБЕРДІК»



– Серік Әбдірешұлы, 22 наурыз – қандай мереке?

– Біздің «Мемлекеттік мерекелер туралы» заңда 21-23 наурыз «Наурыз мейрамы» деп аталады. Ол үш күнді қамтиды. 21-і мен 22-сі күн мен түннің теңелуіне сәйкес келеді ғой. Алайда астрономиялық жағынан ол үнемі сәйкес келе бермейді. Мысалы, 2-3 жылдан бері қарай күн мен түннің теңесуі 20 наурызға сәйкес кеп жүр. Бірақ мәселе онда емес. Мемлекеттік мереке туралы заңды сол үшін жыл сайын өзгерте бермейді ғой.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

АҚҚА ҚАШАН АУЗЫМЫЗ ТОЛАДЫ?

Қазақстанның 2020 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы кеңесте ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров сүт өндірісі 3,2%-ға ұлғайғанын айтқан. Атап айтқанда, сары май 26,5% (19,5 мың тоннадан 24,6 мың тоннаға дейін), өңделген сүт 4,9% (570,8 мың тоннадан 598,5 мың тоннаға дейін), қышқыл сүт өнімдері 4,8% (211,6 мың тоннадан 221,7 мың тоннаға дейін), ірімшік және сүзбе 4,5% (31,2 мың тоннадан 32,6 мың тоннаға дейін) артты деген еді. Осыған қарамастан Қазақстандағы сүт өнімдері импортының көлемі сүт шикізатына қосып есептегенде шамамен 0,5 млн тоннаны құрап отыр. Бұл мәлімет наурыз айындағы алғашқы Үкімет отырысында да айтылды. Министрлік отандық өнімді ұлғайту мәселесін тауарлық сүт фермаларының қуаттылықтарын толық пайдалану және оны кеңейту арқылы шешуді жоспарлауда. Бұл үшін жылына 35 өнеркәсіптік тауарлық сүт фермасы іске қосылмақ. Сондықтан былтыр жалпы қуаты 98 мың тонна болатын 48 сүт фермасы ашылды. Алайда оның 17-сі ғана өнеркәсіптік тауарлық сүт фермалары.

Агроөнеркәсіптік кешені аймақ экономикасын дамытудың негізгі драйвері болып отырған Алматы облысында алдағы бес жылда 22 тауарлық сүт фермасы ашылмақ. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, өз тұтынушыларына республика бойынша ең арзан сүт өнімдерін ұсынатын облыс үшін бұл үлкен көрсеткіш. Наурыздағы алғашқы Үкімет отырысында Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин 2025 жылға қарай сүт өндіру көлемін 450 мың тоннаға жеткізуге мүмкіндік

барын айтты. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметов келесі жылы жылына 90 мың тоннаға дейін сүт өндетін «Эмиль» сүт зауытының құрылысы аяқталып, жалпы тауарлар тобына ірімшік пен бүгінгі күні импортталып отырған аралас құрамдағы өнімдер қосылатынын жеткізді. Сондай-ақ 2022 жылға дейін, қуаты жылына 13,7 мың тонна сүтті құрайтын 6 тауарлық сүт фермасын іске қосу жоспарланып отырғанын хабарлады. Ал Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақалов: «былтыр 11 сүт фермасының құрылысы басталып, оның бесеуі іске қосылды. Алдағы жылдары 30 мың бас малға арналған 52 сүт фермасы салынады, нәтижесінде сүт өндірісі жыл сайын 150 мың тоннаға артады. Биыл екі сүт зауытында жаңғырту аяқталады. Осының арқасында сүт өңдеу 135 мың тоннаға дейін және ірімшік өндірісі 7,5 мың тоннаға дейін өспек. Сонымен қатар 3 мың басқа арналған сүт фермасының, сүт өңдеу зауытының құрылысы басталады» деді.

(Соңы 2-бетте)

ҰЛЫС КҮНІ ҚАЛАНЫ БЕЗЕНДІРУГЕ НЕГЕ МӘН БЕРІЛМЕЙДІ?

Ирак ЕЛЕКЕЕВ, қоғам қайраткері, Мәжілістің экс-депутаты:

– Жылда Наурыз мерекесіне орай қаланы безендіру ісі ойдағыдай бола қоймайтын. Әйтеуір, шамалы күн қалғанда санаулы билбордты ырым үшін жасап, көз қылып көрнекі жерге іліп қоятын. Ал биыл республика бойынша Ұлыстың ұлық мерекесіне дайындық тым жұпыны болып тұр. Естуімше, үлкен мереке Түркістан қаласында ұйымдастырылатын көрінеді және барлық күш, қаржы сонда жұмсалып жатыр. Пандемия кедергі болмаса, Үкімет мүшелері де сол жаққа іссапарға барып, жаңа облыста Наурыз мерекесін кең көлемде тойлауды жоспарлап отыр. Өз басым биыл безендіру ісіне аса мән бермеудің сырын осыдан іздедім.

Рас, жаңа жылдағыдай екі ай бұрын барлық жер безендіріліп, мерекелік көңіл-күй жаппай бұқараның бойында сезілмейтіні қынжылтады.

Жаңа жылда екі ай бұрын басталатын безендірулер Ұлыстың ұлы күні қарсаңында кезге шалынбайды. Неге? Осы сауалнаманы дайындау барысында жергілікті жердегі атқарушы билік өкілдеріне қоңырау шалып, мүмкіндігінше жауап алуға тырыстық. Шын мәнінде езі басқарып отырған аумақты мерекеге сай безендіруге не кедергі екенін білгіміз келді. Бір әкім үзде бергенмен, кейін телефон қоңырауын көтермей қашса, енді бір әкімнің орынбасарлары сауалымызды көрсе де, жауапсыз қалдырды. Ауыл, қала, облысты безендіруге соншалықты айтылмайтын не құпия барын білмедік, бірақ осындай «естімейтін» әдеттен арылмайынша, мәселе шешілмесі анық.

Данияр ГИБРАТҰЛЫ, Орал қаласы әкімдігінің баспасөз хатшысы:

– Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін сәті. Бұл – біздің басты ұлттық мерекеміз.

Биыл Наурыз мерекесіне орай Орал қаласында безендіру жұмыстары жүргізілді. Бұл мәселені біз үнемі басты назарымызда ұстаймыз. Мәселен, қаладағы Тұңғыш Президент алаңы мен Арбатта киіз үйлер тігіліп, алтыбақан құрылды. Алтыбақандар, сондай-ақ Мөңкеұлы көшесінің бойындағы алаң мен Мәметова алаңында да бар. Қаланың тұрғындары үшін фотосуретке түсуге арналған киіз үй орнатылды. Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театры мен Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет және өнер орталығында мерекелік пилондар орын тепті.

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПАНДЕМИЯМЕН ӨТКЕН БІР ЖЫЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет халықты оқшаулаумен қатар қолдау да көрсетті. Жалақысыз қалғандарға әлеуметтік төлем жасады. Көп балалы отбасыларға, қарттар мен мүгедектерге азық-түлік себеттері үлестірілді. Коммуналдық төлемдер өтелді. Кәсіпкерлерге де барынша көмек берілді. Олар салықтан босатылып, жеңілдетілген несие қарастырылды. Осындай қатаң шаралар арқасында қауіптің беті жайылды.

Әрине, мұның бәрі ел экономикасы үшін оңай сынақ емес еді. Пандемия негізінен шикізат өндіруге бейімделген, өңдеуші кәсіпорындары жоққа тән Қазақстандағы біраз проблеманың бетін жалаңаштады. Көп адамдар нәпақа тауып отырған кәсібінен айырылып, жұмыссыздық өрші түсті. Оның салдары экономикалық көрсеткіштерге тиді. Тек қана құрылыс саласында оң өзгерістер болды. Алайда, экономикалық сарапшылардың айтуынша, ол көбірішкі, яғни, бағаның қымбаттауынан ғана өсіп жатқан көрсеткіш. Бұл дұрыс емес, өйткені бір күні көпіршік жарылып кетсе, оның әсері халықтың әл-ауқатында да өз көрінісін табады. Сол секілді қызмет көрсету салалары, атап айтқанда: көлік, қоғамдық тамақтандыру, ойын-сауық, туризммен байланысты қызметтер түгелдей зардап шекті. Әсіресе, денсаулық, білім саласы үшін индеттің жайылуы үлкен сынақ болды. Мемлекеттік бюджеттің 50 пайыздан астамы халықты әлеуметтік қолдауға жұмсалып, бұл үрдіс әлі де жалғасуда.

«Бір жаманның бір жақсылығы бар» дейді халық даналығы. Пандемия осылай елді қанша жерден тұйыққа тіреп, күрделі проблемалар туындатса да, бұғып жатқан ішкі мүмкіндіктердің, ресурстардың ашылуына түрткі болды. Олардың бірегейі ақпараттық технологияның өмірімізге қарқынды түрде енгізіліп, цифрландырудың жылдамдатылуы еді. Соның арқасында офлайннан онлайнға көшу көптеген жұмыс үрдістерінде кеңінен тарайды. Ең

қуантарлығы, бұған дейін ұзын арқау, кең тұсауға салынып келген ғаламтор желісі шалғайдағы елді мекендерге жетті. Көптеген бизнестер жаңа қырынан ашылды.

Бүгінде ақпараттық технология, цифрландырудың өмірімізге дендеп еніп, барлық саланың жұмыс ырғағына айналуы бюджет тапшылығын тудырып, көптеген бағдарламалардың жүзеге асуына кедергі келтіріп жатқан көлеңкелі эконо-

Соңғы мәліметтер бойынша, Қазақстан 94-орынға көтеріліпті.

Пандемияның ең пайдалы тұсы дегенде экономикалық сарапшылардың осы көлеңкелі экономиканың азыаюын үлкен жетістік ретінде айтуы орынды. Себебі, бұл құбылыс кез келген мемлекеттің қас жауы. Осы көрсеткіш көлемі арқан сайын мемлекеттік бюджеттің түсімдері азаяды. Ал, оның ауқымы неғұрлым кемісе, ақшаның бәрі жарыққа шығып, оның айналымы үдерісінде тазалық орнайды.

Өкінішке орай, соңғы жылдарда көлеңкелі экономиканың салдарынан бюджет тапшылығы ұлғайып кетті. Оны Ұлттық қордағы қаржымен жабу үрдіске айналды. Келешек ұрпаққа арналған қаржы осылайша бүгінгі күннің қажеттіліктеріне жұмсалуда. Өт-

Өткен жылы пандемияның салдарынан Ұлттық қордан 4,7 триллион теңге трансферттелсе, биыл тағы 3 трлн теңге бюджет жыртығын жамануға бағытталыпты. Егер көлеңкеде жүрген 21 трлн теңге заңдастырылатын болса, мемлекеттік бюджеттің кірісі артып, бұл халықтың бірқатар әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің оңынан шешілуіне ықпалын тигізеді. Осы ретте «Ұлттық қорға» қайта-қайта қол салуды тоқтатып, керісінше, Норвегия секілді қаржы көлемін ұлғайтып алған болар едік. Халқы 6 миллионға жетпейтін бұл елдің Ұлттық қорындағы ақша көлемі 1 трлн доллардан асады екен.

миканың үлесін азайтқаны белгілі болып отыр. Мәселен, «Pro Gente» экономикалық зерттеу орталығының жетекшісі Максат Халықтың айтуынша, осыдан бір-екі жыл бұрын 70 трлн шамасында болған жалпы ішкі өнімінің 21 трлн теңгеден астамы тасада жүрген екен. Онлайн-банкингтің дамуы осы қаржыны жарыққа шығарыпты. Бүгінде миллиардтар айналып жүрген той бизнесіндегі салық ұсталмайтын беташар, асаба, оншілерге, фотографтар қызметіне кететін ақшалар бақылаудан тыс қалып келсе, пандемияның арқасында соның бәрі тежеліп, экономикаға оңтайлы әсерін тигізіп жатыр. Қазір 2020 жылдың қорытындысы бойынша, көлеңкелі экономиканың үлесі 23 пайызға дейін азайыпты. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты рейтинг көрсеткішін шығарып отыратын агенттіктердің мәліметі бойынша, Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа жақын ел болып, бұл тұрғыдағы тазалық деңгейі бойынша 120-шы орында тұрған еді.

кен жылы пандемияның салдарынан Ұлттық қордан 4,7 триллион теңге трансферттелсе, биыл тағы 3 трлн теңге бюджет жыртығын жамануға бағытталыпты. Егер көлеңкеде жүрген 21 трлн теңге заңдастырылатын болса, мемлекеттік бюджеттің кірісі артып, бұл халықтың бірқатар әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің оңынан шешілуіне ықпалын тигізеді. Осы ретте «Ұлттық қорға» қайта-қайта қол салуды тоқтатып, керісінше, Норвегия секілді қаржы көлемін ұлғайтып алған болар едік. Халқы 6 миллионға жетпейтін бұл елдің Ұлттық қорындағы ақша көлемі 1 трлн доллардан асады екен. Бұл дегеніміз, қор жылына кем дегенде он пайыз табыс әкелетін жағдайда жыл сайын 100 млрд доллардан астам қаражат табады деген сөз. Нақты жағдайда бұл табыстың көлемі әлдеқайда көп болуы мүмкін. Бізге белгілісі осы кіріс Норвегия халқына сый ретінде беріліп, соның арқасында халық шалқып өмір сүріп жатыр. Ал,

біздің Ұлттық қорымызда небары 57 млрд доллар бар. Осыны тым болмағанда 200 млрд долларға жеткізіп алсақ, оның кірісін әлеуметтік мәселелерді шешуге, халқымызды баспанамен қамтамасыз етуге, адами капиталды дамытуға, ғылымды өркендетуге жұмылдыратын едік. Бұл біздің экономикамыздың тез аяғынан тұруына ықпалын тигізеді» деген Максат Халықтың сөзінің ақиқат екені әлемдік үрдістен көрініп отыр. Экономикадағы ақша айналымы ашық елдердегі өмір сапасы бөлек. Нақ осы көрсеткіштің жақсаруы сыбайлас жемқорлық фактілерін азайтып, кез келген мемлекеттің тез дамып, өркендеуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық рейтингінде таза мемлекет ретінде танытып, сыртқы инвесторлар да экономикаға қаржы салып, жаңа технологияның келуіне жол ашады. Жалпы, сыбайлас жемқорлық жоқ жерде заң үстемдік құрады, заң үстемдік құрған елде ашықтық, әділеттілік бар екені әлдеқашан дәлелденген ақиқат. Егер Қазақстан да осындай жағдайға жетсе аз ғана мерзім ішінде өз мемлекетімізде экономиканың жаңа моделін құрайтыны анық.

Қазіргі таңда ірі қалаларда пандемияның қайта өршу қаупі тұр, егер қайта жалғаса, қызмет көрсету саласындағы компаниялар жабылады. Бұл олардағы азаматтардың жұмыссыз қалуына, кедейшіліктің кебеюіне ықпал етеді. Зерттеу институттарының айтуынша, Қазақстанда 6 млн бала бар. Соның 1 миллионы кедей отбасында өмір сүріп жатыр. Дүниежүзілік банктің жуырда берген мәліметі бойынша, Қазақстанда кедейшілік деңгейі индет жағдайында 14 пайызға дейін ұлғайып кетуі мүмкін. Бұл болашағымыз үшін алаңдаушылық тудыратын қауіпті үрдіс. Өйткені, кедей отбасыларында өсіп жатқан балалардың қарым-қабілетінің, білімінің дамуы төмендейтін ақиқат. Бұл болашақта Қазақстан экономикасына қажет білікті кадрлар санының азаюына алып келетін фактор. Сондықтан сарапшылар мемлекеттің көп балалы, асыраушысынан айырылған, яғни, әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға қатты назар аударылып, жергілікті әкімдіктерден үлкен қолдау жасалу қажеттігін айтады. Тым болмаса, осы балаларды тегін үйірмелермен, тегін факультативтік сабақтармен қамтамасыз ету күн тәртібінде жедел қойылуы қажет.

Мамандар көтеріп отырған тағы бір өзекті мәселе – нақты статистиканың жасалу қажеттігі. Үкімет ұсынып отырған

қазіргі жұмыссыздық, кедейшілік деңгейі жөніндегі көрсеткіштер дұрыс емес. Бізге шынайы жағдайды сипаттайтын нақты сандар керек. Сонда ғана мемлекеттің қабылдап отырған бағдарламалары өзінің жемісін береді. Үшіншіден, бизнеске өте үлкен қолдау керек. Несие алуға қоятын кепілдіктері жоқ болып отырған кәсіпкерлерге мемлекет, жергілікті әкімдіктер тарапынан осы тұрғыда нақты көмек жасалғаны жөн. Сонымен қатар ақша-несие саясатын дұрыс жүргізу де өзекті болып отыр. Жақында Ұлттық банк Үкіметпен меморандумға қол қойды. Мұндағы мақсат – бағаның өсімін тұрақтандыру. Бұл дұрыс қадам. Өйткені, бағаны ұстап тұруға Ұлттық банк дәрменсіз. Инфляция 3 пайызға түссе, Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі сонша деңгейде азаяды. Бұл бірінші деңгейлі банктің екінші деңгейлі банкке беретін қарызының өсімін. Екінші деңгейлі банк 5 пайызбен несие алса, онда олардың халыққа беретін несие-сінің өсімі де арзандайды. Қазір 5-10-20 бағдарламасына үлкен балл жинаған азаматтар ғана ілігеді. Егер ақшаның құнын арттырсақ, онда алты пайыздық ипотека бүкіл халыққа қолжетімді болады. Ол үшін арнаулы бағдарламаға қатысудың да қажеті жоқ, кім несие алғысы келсе, бәрі ала береді. Сол уақытқа жету үшін нақты бағыт шешімдер қажет. Ұлттық банкке Үкіметтің индустрияландыру бағдарламалары арқылы көмегі қажет. Үкімет көбіне азық-түліктің бағасын ұстап тұруды көздеп, базарларды бақылайды. Мұның тиімділігі уақытша. Қажеті – қазіргі қолда бар индустрияландыру бағдарламасын жүзеге асырып, өнімдері сұранысқа ие болатын зауыттардың көптеп салынуы. Бұл ақшаның құнын өсіріп, халықтың әлеуметтік жағдайының артуына жол ашады.

Қазақстан биыл өз Тәуелсіздігінің отызыншы жылына қадам басып отыр. Бұл кезең тұтас халық үшін сын сәтке тап келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы мерейтой бойынша құрылған мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысында барша әлем жұртшылығы бастан кешіп жатқан күрделі кезеңде ысырапқа жол беріп, той тойлаудан гөрі халықтың әлеуметтік жағдайына баса мән беру керектігін, елдің тұрмысы түзелмесе, жетістіктерді мақтан етудің қажеті жоғын айрықша атап көрсеткен еді. Бұл – бүгінгі күннің талабы.

Өйткені, Тәуелсіздіктің тұғыры – қуатты экономика.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

САРАП

АҚҚА ҚАШАН АУЗЫМЫЗ ТОЛАДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бір қарағанда, мұның бәрі көз қуантып, құлақ құрышын қандыратын қуанышты жаңалық болып көрінуі мүмкін. Алайда сиыр сүтінің тапшылығы осымен толық шешіледі дегуе әлі ерте. Ауыл шаруашылығы министрі «Қазақстан 2023 жылы өзін-өзі сүт өнімдерімен толық қамтамасыз ете алады» дегенімен, сүт өнімдерінің тұтыну көлемі жан басына шаққанда, дамыған елдермен салыстырғанда, әлі де төмен болғандықтан, сұранысты қамтамасыз ету үшін импорттық өнімге қойылатын шектеу туралы айтуға әлі ерте.

ШЕТЕЛДІКТЕРҮШІН ТАПТЫРМАС НАРЫҚ

Сүт өнімдеріне Қазақстанда сұраныстың барын аңғарған соң, былтырдан бастап Татарстандағы «Агросола» компаниясы Қазақстанға халал сүт өнімдерін экспорттай бастады. Ресейдің өзінде тек күзден бастап сатыла бастаған оның сүт, ірімшік, қаймақ, қатық, құрт, сары майлары қазір біртіндеп Қазақстанның түрлі қалаларына да тарала бастады.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2020 жылы ТМД елдерінен тыс Австралия, Австрия, Бельгия, Германия, Грекия, Дания, Жаңа Зеландия, Иран, Испания, Италия, Латвия, Литва, Қытай, Нидерланды, Польша, Түркия, Швейцария, Финляндия, Франция, Эсто-

ния сияқты елдерден сүт өнімдерін импорттаған. Ең алдыңғы орында ТМД ғана емес, Еуразиялық экономикалық одақтағы басты серіктес саналатын Ресей тұр. Оның ФТС деректері бойынша, 2020 жылы бұл елдің 207 мың тонна болатын 318 млн долларлық экспорттық сүт өнімдерінің жартысынан көбі Қазақстанға сатылған. Бұл – нақты айтқанда, 132 млн доллардың өнімі.

ТҰТЫНУ НОРМАСЫ ОРЫНДАЛМАЙДЫ

2017 жыл Әділет министрлігінде тіркелген Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы бұйрығымен қабылданған «Азық-түлік өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген нормасы» бойынша, жылына әрбір адам 301 кг сүт пен өзге де сүт өнімдерін тұтынуы керек. Атап айтқанда, сиыр сүті – 45; жана сауылған ешкі және түйе сүті – 10; қымыз бен шұбат – 20; сиыр сүтінің қышқыл сүт өнімдері – 46; қаймақ – 6; сүзбе – 10,1; ірімшік – 5; сары май – 4,7 кг. Өкінішке қарай, бұл норма әлі күнге дейін толық орындалып жатқан жоқ.

Мамандардың сөзіне қарағанда, Қазақстанда сүт өнімдеріне деген сұраныс норма бойынша 5 млн тонна, ғылыми норма бойынша 8 млн тонна болуы керек. Алайда былтыр 598,5 мың тонна сүт өңделіп, 24,6 мың тонна сары май, 221,7 мың тонна қышқыл сүт өнімдері, 32,6 мың

тонна ірімшік пен сүзбе өндірілген. Өңделген сүт өндірісінде – Солтүстік Қазақстан, Алматы, Ақмола облыстары; сары май өндірісінде – Сол-

Сарапшы пікірі

Мая АРАЛБАЙҚЫЗЫ, тамақ өнеркәсібі технологиясы:
– Қазіргі таңда нарықта сүт пен сүт өнімдері өте көп. Қай сауда орнына барсаңыз да, оның сан алуан түрін көресіз. Алайда сан мен сапаның арасы өте алыс. Өйткені табиғи сүтті, ең ары кеткенде, барлық жағдай жасап, қажетті температурасында ұстағанның өзінде 10 тәуліктен артық сақтау мүмкін емес. Ал нарықтағы сүттердің жарамдылық уақытын қарасаңыз, 6 айдан 1 жылға дейін мерзім көрсетіліп жатады. Қолдағы сиырдың саны мен одан сауылатын сүтті есептеп көрсеңіз, нарықтағы сүт пен сүт өнімдерінің көлемімен еш сәйкес келмейді. Сосын бізде табиғи сүтті өңдейтін зауыттар өте аз. Оның технологиясы да бөлек. Егер табиғи өнімнің өзіндік құнын есептеп көрсеңіз, нарықтағы бағамен де еш сәйкеспейді. Мәселен, майлылығына байланысты 1 кг қаймаққа 25-30 литр, 1 кг ірімшікке 15-20 литр, 1 кг сүзбеге 10-20 литр табиғи сүт керек. Ал бізде сауда орындарына барсаңыз, 1 кг ірімшікті 1,5-2 мың теңгеден сатып жатқандар бар. Таза, сапалы өнімнің бағасы ешқашан мұндай болмайды. Бізде оны қадағалап, реттеп жатқан ешкім жоқ. Өз басым мұндай өнімдерді бала тұрмақ, ересек адамдардың да тұтынғанын қаламаймын. Оның бәрі тұнып тұрған – химия. Бұл денсаулыққа да өте зиянды.



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҰЛТТЫҚ КИІМ ҮЛГІЛЕРІН ҮСТІМІЗДЕН ТАСТАМАЙЫҚ

Қазақ үшін Наурыз – ең ұлық, ең қасиетті мереке. Бұл – күн мен түн теңесіп, табиғат жаңаратын кезе. Көктемнің шуағына шомылдырып жететін жыл басы – Наурыздың ұлттық дәстүрді ұлықтаудағы, өткенімізді түгендеп, келешекке бағдар белгілеудегі рөлі зор.

Ұлыстың ұлы күні мерекесі тәуелсіздік алғаннан кейін жаңаша сипатқа ие болды. Мемлекеттік мереке ретінде үш күн демалыстың белгіленуі оның маңызын, мәртебесін арттыра түсті. Бұл ұрпақ үшін, ұлттың болашағы үшін керек шара еді. Себебі, түркі халықтарының бәріне ортақ бұл күннің тарихына, тамырына ұрпақ қанығып, біліп өсуі керек.

Әрине, мереке десе, бәріміздің көз алдымызға алаңға ағылған көпшілік, риясыз шат көңілмен арқа-жарқа қауышқан, бір-біріне ақжарма тілек айтқан халықтың

елестейтіні ақиқат. Мұндай кезде ренжіскендер татуласып, таныстардың туысқа айналып кететіні тағы бар. Өйткені, Наурызда өкпе-реништің ұмытылып, ізгі тілектердің ақтарылатыны қашанғы дәстүр. Көрісу күнінен бастау алатын бұл мейрамның басты ұстанымының өзі татулыққа, бейбіт өмірге, жақсылыққа үндеуге негізделген.

Наурыз барыңмен бөлісуге, дос-танысыңды көбейтуге мүмкіндік береді. Мұндай күні әрбір үйдің есіеі құдайы қонаққа ашық тұрады. Тілеукеже жасаған отбасының барлығы астан көп адамның ауыз тиіп, тілектің көбірек айтылғанын қалайды. Қазақта «Қырықтың бірі Қыдыр» деген сөз тегін айтылмаған. Тілек неғұрлым көп болса, отбасының да қуанышы, берекесі мен ырыздығы еселенеді деген ырым бар.

Мейрамда қазақтың ұлттық салт-дәстүрін жаңғырту мақсатында қойылымдар қойылып, халық әндері әуелете шырықалып, ұлттық ойындар ойнатылып келеді. Әсіресе, қазақы оюлармен әшекейленген ұлттық киім үлгілерін бұл мейрамда көп көреміз. Тіпті соңғы жылдары сән үлгілеріне қазақы нақыштардың кең қолданыла бастағаны қуантады.

Ендігі тілегіміз – осы ұлттық киімді тек Наурызда ғана киіп, қалған күндері сандыққа салып қоймасaq екен. Қазақтың қазақ екенін даралайтын киім үлгілерін күнделікті өмірде жарқыратып киіп жүру өдетімізге айналса дейміз. Мысалы, сот саласында бұл мәселеге ерекше ден қойылған. Судья мантиясының өзіне қазақы ою кестеленген. Сонымен бірге, кейбір сот ұжымдарында кеңсе мамандары бірдей киім үлгілерін тіктіріп, жаға-жеңі мен өңірін өдемі оюлармен жасатып жүр. Мұның өзі киімге ұлттық рең береді. Өдемдікке өдемділік қосады.

Биылғы мерекенің өткізілу форматы бөлек болары анық. Пандемияға байланысты алаңдарда жиналып, мерекені көпшілікпен қарсы алуға рұқсат жоқ. Бірақ бұдан жақсы күннің маңызы төмендеп қалмасы белгілі. Ұлық мерекеді жақсы тілек айтайық, бір-бірімізге жылы лебізімізді жолдайық! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Э. АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы

КӨЗҚАРАС

ТӘЛІМ

ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН

Қазақ халқы қашанда ұл баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Бабадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді ұрпағының бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан. Әкелер өзінің білетін бар өнерін ұрпағына үйретіп, тәлім берген.



Телефонға телмірген бүгінгідей заманда ата-бабамыздан қалған асыл мұрамыз иесіз қалмасын деген ізгі ниетпен балалардың назарын ұлттық тәрбиеге бұруды мақсат тұтқан бағысқазақстандық кәсіпкерлер Ақылбек пен Ақмоншақ Ишановтар «Азамат» ұлттық-танымдық лагерін ашқан. Мұнда 9-13 жас аралығындағы ұл балалар үшін халқымыздың салт-дәстүрі мен құндылықтарын дәріптейтін түрлі шаралар, ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Балалардың ізгі жолын жалғастырған ерлі-зайыпты кәсіпкерлер бұған дейін білім саласындағы түрлі деңгейдегі мекемелерде қызмет еткендіктен, балаға білім мен тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген. Соның ішінде ұлттық тәрбиені басты бағдар етіп алған жандар лагерь жұмысы туралы ықыластанан әңгімеледі.

– «Азамат» деген сөз – жігіттің екінші есімі. Осы бір ауыз сөзде ұл балаға артылар жауапкершіліктің салмағы жатыр. Бұл біздің көптен ойымызда жүрген, пісіп-жетілген, тәжірибеге негізделген жобамыз еді. Әсірәпатриоттық сөздерді айтып, тым әсірелегіміз келмейді. Әйтсеуір, «Мен қоғамға не бердім?» деп артына бұрылып қарағанда, «Біз бармыз» деп қазақтың осындай қара домалақтары АЗАМАТ атын лайықты аркалап жүргенін көрсек дедік. Бәрі де ұлттық танымнан, отбасы мен қоғам тәрбиесінен бастау алады. Біз соның титімдей

бір жеріне үлес қоса алсақ – бақыттымыз. Бала тәрбиесі бізге жат емес. Ұлт құндылықтарынан атамайтындай етіп ата-анамыздан берілген тәрбие, азды-көпті жинаған тәжірибе, көргенді адамдармен аралас-құраластығымыз бар – соның бәрін өз балаларымыздың тәрбиесінде пайдаланып келеміз. Әрқашан тек өзімізде емес, өзгеде де болсын деген ниеттеміз. Ұлымыз Айсұлтан бес жасынан бастап жылқыға үйір болды. Жылқы ер баланың мінезін қалыптастырады. Сондықтан ата-бабамыз ерте жастан баласын атқа отырғызуға ерекше мән берген. Әр баласында атаулы жылқы түлігі болуына да барынша көңіл бөлген. Ал қазіргі кезде ұлына тұлпардың тегін таныстырмаса да, телефонның «тегіні» танытып, телміртіп қойғандар көп. Көп ойланып-толғана кеп, ұлттық бағытта бала тәрбиесіне қатысты дүние жасауды қолға алдық. Атын «Азамат» деп қойғанмыз бекер емес. Балалардың санасына сол сөзді сіңіре берейік, жауапкершілікті көрсетейік, айтайық деген мақсатты ұстандық. Егер ұлыңыз мінезді, намысты, ержүрек, рухты болсын десеніз, жиірек тұлпар тізгіндесін. Түбі қорғанымыз болады! – дейді ұлттық таным жолында тынбастан еңбек етіп келе жатқан әуесқой атбегі, жаттықтырушы, педагог-магистр Ақылбек Миразатұлы.

Сөзін «Т.Досымовтың сөзімен айтсам, Ақыл-

бектің қасында «Ұйықтап кетсем, түсімде сәйгүлік көрем» деп жүргеніме 4-5 жылдың жүзі болды» деп әдемі әзілмен бастаған Ақмоншақ жұбайының әңгімесін әрі қарай жалғап өкетті.

– Әу бастан ойымыз ұлттық спорт пен ғасырлардан жалғасқан тәлім-тәрбие мектебін ұштастыру еді. Әзірге, шектеу шараларына байланысты талаптарға сай, топқа тек 10-15 оқушыдан ғана қабылдай аламыз. Негізгі мақсатымыз ұлдарды атқа мінгізіп үйрету болғанымен, күн сайын сабақ басталғанда бір сағаттай шама-шарқымыздың жеткенінше ер балаға қатысты салт-дәстүрлермен таныстырып, ата текті танудың маңыздылығына тоқталамыз. Қазақтың жауды да, дауды да тоқтатқан аталы сөздерін кеңірек ашып, дәріптеуге тырысамыз, мақал-мәтел мен бата жаттауға көңіл бөлеміз. Балалардың қызыға ден қоятыны осы мақал жарыстары болды. Күн сайын жаттап, жалғап, мағынасын талдап жарысады. Орысша сөйлеуге бейімделіп кеткен біраз баланың тілдерін дамытумен де айналысамыз. Ақылбек батырлар жырын жаттатқызбақшы болған, алайда уақыттың тығыздығына байланысты оған үлгермедік. Үш жылдан бері мектептегі қызметтен қол үзіп қалған менің өзіме де балалармен жұмыс істеу керемет әсер сыйлады. Тіпті соңында бәрі маған «жабылып», біраз састырғандары да бар. Түйгеніміз, сөз түсінетін, түсінгісі келетін балалар бар, соларды жоғалтып алмайықшы, – дейді тәжірибелі журналист, педагог-магистр Ақмоншақ Мақсатқызы.

«Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, «Азамат» ұлттық-танымдық лагерінде өңірдегі белгілі азаматтарды шақырып, болашақ ел тізгінін ұстар өрендеріміз үшін шеберлік сыныптарын өткізу жолға қойылған.

– Жайық өңіріндегі ісі мен сөзі, азаматтығы үндесіп, қабысып жүретін әуесқой шебер Ұлан Сайтұхәев қамшының неден және қалай өрілетіні туралы өнегелі әңгімесімен ұлдарға жігер беріп, намыстарын қайрап, әсерлі сөз сыйлады. Ұлттық ат спорты түрлері бойынша облыс мақтанышы, жамбы атудан ҚР чемпионы, спорт шебері Жанәділ Ғазезов жүргізген шеберлік сағатында қанында батырлығы бар халықтың ұрпағы елтілік, икемділік, мергендік, қолдың күші сыңға түсетін садақ атуды меңгерді. Сондай-ақ кішкентай «азаматтықтар» жылқының дене бітімін таныды, ат әбзелдерін шатыстырмай, рет-ретімен ерттеуді үйренді, атқа дұрыс мініп-түсудің тәртібін түсінді. Тізгінді өздеріне бердік. Көпшілігі атқа бірінші рет жақындап тұрғанына қарамастан, жақсы нәтиже көрсетті.

Алдағы уақытта ұлттық бағыттағы тұрақты үйірме немесе шағын клуб ретінде жұмыс аясын кеңейту ойымызда бар. Сол кезге қазақтанудан жоспарлаған жұмыстарымыз да жетерлік. Әзірге Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына орай «Жақсы ат – жанға серік» атты тағылымдық шара ұйымдастырғалы отырмыз. Шектеу шараларына байланысты көп адам жинай алмайтынмыз белгілі. Мектеп оқушыларына арналған экскурсия бағдарламасына жылқының бітімімен, ат әбзелдерімен таныстыру және жегу, ат үстіндегі ұлттық ойындарға шолу, саумал, қымыз дайындау барысымен, киіз үйдің құрылысымен, ұлттық



бұйымдармен таныстыру кіреді, – деді алдағы жоспарларымен бөліскен Ақмоншақ.

Айта кетейік, соңғы төрт жылдан бері жылқы шаруашылығымен айналысып келе жатқан Ишановтар шаруашылығы Жайық бойын жайлаған жұртшылыққа кеңінен таныс. Облыс орталығы Орал қаласының іргесінде бие баылап, адал, таза және ерекше қызмет көрсетіп, саумал, қымыз дайындаудың, қолданудың мәдениетін қалыптастыра білген Ақылбек пен Ақмоншақтың қымызханасы өңір тұрғындары арнайы іздеп келетін орынға айналды. Ертелі-кеш үзілмейтін тұтынушылары тек саумал мен қымызды ішіп кетпей, ұлттық болмыстан, тұрмыстан бір нәрсе көріп, түйіп қайтса деген қос кәсіпкер қымызхананың ішінен шағын кітап көрмесін ашып қойған. Саумалмен сауығып, қымыздан қуат алуға келгендер телефонға телміріп отырмай, сөрелердегі ұлттық құндылықтар туралы кітаптарды парақтап, рухани азық жиып қайтады.

Мандай термен келген ақ адал еңбегін әрі қарай дамыту жолында аянбай жүрген Ақылбек пен Ақмоншақ «Саба» этноқоғамының құрылысын жүргізуде. Ерлі-зайыпты Ишановтардың ойға алған істері «Атамекен», «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ-ның БҚО филиалы тарапынан көрсетілген қолдау шараларының арқасында жүзеге асырылып жатқанын айтып өткен жөн.

Қолға алған ісін дамыта жүріп, Алла берген төрт баласын өсіріп, жетілдіріп келе жатқан Ақылбек пен Ақмоншақ сол ұрпақтың, кәсіптің қызығын көріп, халыққа пайдалы іс қылу арқылы адамдық парызымыз орындалады деп біледі.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ӨНЕГЕ

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын әркім өз отбасында қарсы алады. Бұл күні сыйлы қонақтарға халқымыздың кәделі әрі ең басты тағамдары пісіріледі. Қазақтың мерекесінде «дастарқанда тағам мол болса, сол жылы ақ мол болады» деген ырым бар. Дастарқанда тағамның көп болуына баса мән берген ақ жаулықты ананың бірі – Түркістан облысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерлермен бірге он төрт жылдан аса қызмет етіп келе жатқан Гүлбану Батырова.



ка және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің Түркістан облысы бойынша басқарма прокуроры.

Гүлбану – жұмыста майор, ал үйде екі ұл, екі қыздың анасы, үлкен шаңырақтың ұйытқысы. Гүлбану келін болып түскен кезден бастап қазақтың дәстүрлері мен ұлттық тағамдарының жасалуын енесінен үйренді. Жыл сайын Наурыз мейрамында әулеттің үлкендері жиналып, дастарқан жайып, түрлі тағамдар дайындайды. Гүлбану қоғам тыныштығын қорғаумен қатар, үйде бармағынан бал тамған ұлттық тағамдардың аспазы дерсіз. Ол өзі әзірлейтін наурызкөже, әсіп, ет тарту, қарынбұрма тағамдарының жасалуымен бөлісеті:

– Ұлыстың ұлы күнін наурызкөжесіз елестету мүмкін емес. Біздің ырымшыл халқымыз ау бастан-ақ қасиетті 7 санына баса мән берген. Сол себепті де наурызкөжені жеті түрлі дәмнен «отбасында құт-береке болсын» деген ниетпен жасаған. Алдымен «өмір өзендей тасысын» деген тілекпен қазанға су құйылады. Қазан толық суға «ас мол болсын», «қыстан көктемге аман-есен жете берейік» деген ырыммен сақталған сүр

ет, қазы салынады. «Сақталған сүр ет тоқтық береді, майлы ет жылулық береді» деп енем айтып отыратын. Көжені ыдысқа толтырып құяды. Бұл «жаңа келген жылда несібесі ортаймасын» дегенді білдіреді. Әрі сол құйылған көжені тауысып ішу керек. Сондықтан болар наурызкөжені халық арасында «тілеу көже», «мол көже», «құдайы көже» деп атаған.

Қазақтың ең ерекше қасиеттерінің бірі – қонақжайлылық. Осы қасиетті Гүлбану Қайратқызы да бойына сіңіріп өскен. Наурыз мейрамында келген қонақтарды күліп қарсы алып, дастарқанға түрлі тағамдар мен қымыз, қымыран, шұбат, айран қояды. Тарыдан, талқаннан жасалған түрлі тәттілер мен бауырсақ, шеплек, қаттама да қонақтарға ұсынылады. Жалпы, дастарқанда құс сүтінен басқаның бәрі болады, тіпті қонақтар дастарқаннан кесе қоятын жер таппай қаларын қан де болады. Бұл Гүлбанудың ысырапшылдығы емес, кеңпейілділігінің, даладай дархандығының белгісі болса керек.

Раушан НАРБЕК

ЖАҚСЫ ТІЛЕК – ЖАРЫМ ЫРЫС

Бала кезінен темір тәртіпке бағынып, ерлермен бірге сап түзеп, полиция қызметкері болуды армандаған Гүлбану Қайратқызы бүгінде полиция майоры.

Ол Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында 1986 жылы дүниеге келген. Он бір жылдық мектепті бітіріп, Алматы қаласындағы Орталық

Азия университетінде «құқықтану» мамандығы бойынша білім алған. Оқуын озат аяқтаған жас қыз өзінің туған өлкесі Созақ ауданы полиция бөліміне аппараттық сараптама тобының инспекторы болып қызметке орналасады. Қызметінің ауырлығына қарамастан, өзінің таңдауына Гүлбану еш өкінген емес. Жолдасы Джумашев Ғазиз да – ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статисти-

ҰЛЫС КҮНІ ҚАЛАНЫ БЕЗЕНДІРУГЕ НЕГЕ МӘН БЕРІЛМЕЙДІ?

Ирак ЕЛЕКЕЕВ, қоғам қайраткері, Мәжілістің экс-депутаты:
– Соған қарап әлі де болса ұлттық мерекеге деген ұмтылыс халықтың бойына сіңе қоймағандай әсер қалдырады. Көңілді қатты жабырқататыны осы. Бірақ мемлекет тарапынан бетбұрыс болмағандан кейін, халықта қандай белсенділік, мерекеге деген түзу көзқарас болсын? Көшеге шыққанда ұлттық мерекенің ісі сезілмеген соң, ұрпағымыз да бұл күннің қадір-қасиетін жетік түсінбей келеді. Жылда «он күн тойлаймыз», «бір ай тойлаймыз» деп ауызша алаулатып, жалаулатып айтылады. Бірақ жеміс-жемесі келгенде ұлттық мерекеміз әлі күнге өзінің дәрежесіне сай тойланбай отыр. Бетбұрыс болмаған соң, белгілі бір тойлану сценарийі де қалыптаспай жатыр. Наурызды шын мәнінде ұлттық, халықтық мерекеге айналдырамыз десек, алдымен негізгі қадамды айналыны безендіруден бастау керек еді.

Жалпы, Наурыз мерекесіне орай қаланы безендірмеудің бірнеше себебін көрсетуге болады. Оның біріншісі жергілікті атқарушы билік тарапынан ниеттің жоқтығымен, идеяның аздығымен байланысты. Ел басқарып отырғандар мерекені тек концерт беру, дастарқан жасап бәйге ұйымдастыру деп түсінеді. Ал оның тәрбиелік, эстетикалық жағы үнемі қалтарыста қалауда. Негізгі ұлттың ерекшеліктерін қалыптастыратын бірден-бір тетік – ұлттық мереке! Сондықтан айтулы мерекелерімізді халықтың санасына сіңіру үшін этнографтармен, қоғам қайраткерлерімен бірлесіп, арнайы бір тұжырымдамасын қалыптастыра отырып атап өту керек деп ойлаймын. Айта кетер жайт, пандемияның безендіруге еш қатысы жоқ. Төтенше жағдай болса да, жаңа жылда ырысшарлар құрылып, қала безендірілді ғой. Демек, қаланың ойдағыдай безендірілуі мен карантиннен іздеу қиынсыз.

Данияр ҒИБРАТҰЛЫ, Орал қаласы әкімдігінің баспасөз хатшысы:
– Сонымен қатар қала көшелері мен қаланың кент, селолық округтеріндегі 15 ситиборттарда мерекелік баннерлер орналастырылды. Бұдан бөлек, тыным-бақтарда, алаңдарда мерекеге байланысты архитектуралық формалар, композициялар қойылып, арқалар оюлармен, гүлдермен безендірілді. Шаһардың негізгі даңғылдарының бойындағы бағаналарға ұлттық ою-өрнектері бар штандарттар ілінді. Жалпы, ұлттық мерекеде немесе басқа да мерекелік, мерейтойлық шараларда қаланың безендірілуіне мән беріп отырамыз. Себебі, безендіру – мерекеге халықты ұйыстырудың, елді ортақ мақсатқа жұмылдырудың басты тетігі.

Сауланманы дайындаған Қуаныш ӨБІЛДӘҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ОЙТАЛҚЫ

МИНБЕР

МЕЖЕ

ӘДІЛЕТТІЛІК – СУДЬЯНЫҢ АР-ОЖДАНЫ, АБЫРОЙЫ

Сот шешімдерінің сапасын көтеріп, заңдылықты қатаң сақтай отырып, әділеттілікке қол жеткізу – өзекті мәселе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформаларды атай отырып, «Қоғамның соттарға деген сенімін орнықтыру басымдығы бар мақсатқа айналуы керек. Бұған мемлекет пен судьялар корпусының өз күштерін жұмылдыруы арқасында ғана қол жеткізуге болады», – деп атап көрсетті. Сот шешімдерінің сапасын арттыруға ықпалын тигізетін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыруды қадап тапсырды.

Тапсырмаға орай сауатты жоспар жасалып, сапалы қызмет көрсетуде еліміздің сот жүйесі халықаралық стандарттарға қол жеткізді. Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың бастамасымен қолға алынған «Сот жүйесінің жеті түйіні» бағдарламасы бойынша енгізілген пилоттық жобалар әлем соттарындағы озық тәжірибелерге негізделіп, дер шағында қабылданғанын уақыт көрсетіп отыр.

Ел Президенті өткен жылғы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында мемлекеттік органдар мен қарапайым халық арасындағы жария-құқықтық дауларда теңдік сақталмайтынын айта келіп, азаматтардың құқығының қорғалуына баса назар аударған еді. Бұл мәселеге Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов: «Басты мақсат – сот жүйесіне деген сенімді арттыру» атты мақаласында айрықша тоқталды. «Дегенмен, қарапайым азаматқа заң қызметі бар мемлекеттік аппаратқа қарсы тұру оңай емес. Мұны біз жақсы түсінеміз. Бұл жерде сот процесі барысында тараптардың белгілі бір деңгейдегі теңсіздігі айқын аңғарылып тұрады. Бұл мәселе алдағы жылдың екінші жартысында күшіне енетін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс арқылы шешілме» – деген болатын төраға өз мақаласында. Ата Заңымызда – «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам, оның құқығы мен бостандығы» деп атап көрсетілген. Бар жақсы қызмет пен игілікті істер халқымыздың мүддесі үшін жасалуы тиіс. Осы тұста мемлекеттік



органдар мен азаматтар арасында туындайтын даулар теңгерімді негізде шешілуі тиіс.

Озық елдердің тәжірибесі көрсеткендей, судьялар тәуелсіздігін қамтамасыз ету өзекті мәселе. Іс қарағанда судья тек заңды басшылыққа алып, әділ шешім шығаруы керек. Оған сырттан ешқандай күш ықпал етпеуі тиіс. Өзге мемлекеттік құзырлы мекемелерде шешімді күллі аппарат қызметкерлері бірлесіп, бірнеше деңгейде келісіп барып дайындап, соңғы шешімді басшы айтады. Ал, судья алғашқы күннен-ақ істі өзі қарап, шешімді өзі жазады. Оған ешкім де кеңес беріп, ықпалын жүргізе алмайды. Әділетті үкім деп жұртшылық алғыс айтса да, «анаған бұра тартып кетті» деп наразылық білдірсе де, бәрін тек судьяның өзі ғана қабылдайды.

Осы орайда судьяның атына түрлі негізсіз ғайбат сөз айтағандар мен әдейілеп теріс пікір туғызатындарды жауапкершілікке шақыратын заң нақтылануы тиіс. «Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңның 1-бабының екінші тармағындағы «ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып, құзыретті, тәуелсіз және аламайтын соттың қарау құқығынан айыруға болмайды» деген тұсын толықтыра түскен дұрыс.

Судья әр сот процесінде оқиғаға қатысты дауласушы екі жақтың пікірі мен айғақтарын салыстыра қарап, қайсысы шындыққа келетінін зерделейді. Оның заңдылығын назарға ала отырып, ішкі түйсігімен өлшеп,

мүмкіндігінше қара қылды қақ жарып, шешім қабылдайды. Ұлы Абай атамыздың «Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ», Төле би бабамыздың «Біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге шын жетпейді» деген ұлағатты сөздері үкім шығаруда үнемі қаперімізде сақталады. Азаматтық процестік кодекстің 6-бабында «Судья істе бар дәлелдемелерді жиынтығында бейтарап, жан-жақты және толық қарауға негізделген өзінің ішкі сезімі бойынша бағалайды, бұл ретте ол заң мен ар-ұятты басшылыққа алады» делінген. Сонда ғана әділетті шешім қабылданып, ол қоғамдық пікірлермен үндестік табады.

Сот пен халықтың байланысын арттырып, сот процестерінің әділетті жүргізілігін жұртшылыққа дұрыс жеткізіп, оң түсінік беруді бұқаралық ақпарат құралдары жүзеге асырады. Сондықтан соттың ашық, әрі әділетті болғанын көрсетілімдер мен басылымдарда хабарлаудың маңызы зор. Яғни журналистер мен судьялар бір-бірімен бәсекелес емес, керісінше мүдделес ретінде жұмыс істегенде оң нәтиже береді. Демек, соттың ашықтығы мен әділеттілігін, шындықты қаншалықты бағындырғанын БАҚ өкілдері арқылы түсіндіріп, бірлесіп, қоян-қолтық жұмыс істеуден ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Нұрқазы ШЕТЕНОВ,
Сарыағаш аудандық сотының
төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ОТБАСЫ – ШАҒЫН ОТАН

«Отан отбасынан басталады» дегенді естіп өстік, әлі де естіп келеміз. Расында, отбасы – сыйластық пен жылылық орнаған орта, кішкентай Отан. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы бесігі. Адамның жеке басының тұлға болып қалыптасуы да отбасынан басталады. Туған үйдің жылуы бала есінде жылдар бойы сақталады. Отбасындағы тәрбиені еш нәрсемен алмастыруға болмайды. Ал қазір осы бір қастерлі ұғымның құны кеміп барады. Себебі, отбасын құрған азаматтардың санасында «өзің үшін өмір сүр, өмір бір-ақ рет беріледі» деген батыстық психология орын алған. Бұл түсінік көптеген отбасын құрудыңа жіберіп жатқаны анық.

Осы және басқа да отбасына қатысты көтерілген мәселелерді ескеріп, Жоғарғы Сот бастамасымен «Отбасылық соты» пилоттық жобасы құрылып, үш жыл көлемінде жұмыс істеп келеді. Жобаның мақсаты – ажырасуға арыз берген азаматтардың отбасын сақтап қалу. Соған орай тараптарға моральдық қолдау көрсетудің барлық тетігі жасалған. Осы мақсатта «Отбасы орталығы», «Билер кеңесі» құрылған. Соттарда отбасы дауларын қарауға машықтанған татуластырушы судьялар жұмыс істейді. Сонымен қатар отбасы психологтарының тараптармен тегін жұмыс істеуде. Бұл жеткенді жұмыс бүгінде оң нәтижені беруде. Мысалы, 2021 жылдың 3 айында Семей қалалық сотына неке бұзу туралы 523 талап қою арызы түскен. Оның ішінде 88-іне ажырастыру туралы шешім шығарылған, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге келгендер саны – 183.

Ажырасудың негізгі себебі – маскүнемдік, жұмыссыздық, ер азаматтардың жұбайына қол көтеруі, тіл тигізу, мінездерінің сәйкес келмеуі. Осыдан отбасында өте ауыр атмосфера қалыптасып, ол балаларға да қатты әсер етеді. Ата-ана ажырасу мәселесін бірінші орынға қойғандықтан, бала тәрбиесіне көңіл бөлмейді.

Неке бұзу туралы талап қою арыздарын қарау барысында судьялар тараптармен ашық әңгімелесіп, ерлі-зайыптылардың татуласуына жәрдем беруде. Әр отбасын сақтап қалу – судьялар үшін үлкен жетістік!

Айжан БАҚАЛДИНОВА,
Семей қалалық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПІКІР

ҚАЗЫЛАР ҚҰЗЫРЕТІН АРТТЫРҒАН КОДЕКС

Әкімшілік әділет институты – Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жаңа жоба. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдаудың ел үшін маңызы зор. Әкімшілік іс жүргізу заңнамасы азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын әкімшілік талап арыз беру және кейіннен соттың әкімшілік істі қарауы және шешуі арқылы қалпына келтірудің құқықтық режимін жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар мен мемлекеттік билік функциялары берілген ұйымдар арасында туындайтын даулар азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес шешіледі. Талап қоюшы азаматтық процесте жауапкерге өзінің талабын нақты тұжырымдауға, ол негізделген мән-жайларды растайтын дәлелдемелерді көрсетуге, ал жауапкер талап қоюға қарсылық білдіруге және оларды дәлелдеуге міндетті. Жаңа ӘРПК-ге енгізілген соттың белсенді рөлінің қағидаты азаматтық сот ісін жүргізудегі тараптардың жарыспалылығы қағидатына қарама-қайшы. Бұл қағидатты енгізу қажеттілігі мынада: мемлекеттік аппарат мемлекеттік басқару жүйесінің бір бөлігі болып табылатындықтан, бастапқы сәттен бастап әкімшілік рәсімге қатысушыларды тең емес жағдайға қояды. Сотта өз мүддесін қорғау үшін әкімшілік орган ұйымдастырушылық және еңбек ресурстарына ие, ал талап қоюшы әрқашан өз құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғау үшін жеткілікті және қажетті арсеналға ие бола бермейді. Даудың құқықтық атмосферасы әкімшілік істі қарау және шешу процесінде тараптар теңдігін қамтамасыз ету үшін әкімшілік істі қарайтын соттың іс жүргізу қызметін күшейтуді талап етеді. Бұл үшін ӘРПК-де әкімшілік іс жүргізудегі судьяның белсенді рөлі қағидатын енгізу үшін көбірек өкілеттік береді.

С.ЖУМАШКИНА,
Хромтау аудандық сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ



ЖАҢА ҚҰЖАТ

ЖАРИЯ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛАДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУ ТЕТІГІ

2020 жылғы маусымда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) қабылданды. Бұл еліміздің құқықтық жүйесіндегі маңызды реформаның бірі болды. Қазіргі уақытта әкімшілік әділетті енгізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде, жаңа соттар құрылып, оларға судьялар іріктелуде және оқытылуда. Жұмыс істеп тұрған әкімшілік соттар бұрынғыша қызметін жалғастыра бермек. Осы кезге дейін мемлекет пен азаматтар арасындағы даулар жалпы юрисдикциядағы, азаматтық соттармен қаралып келген. Енді даудың бұл санаты жаңа әкімшілік соттарда қаралмақ.

Жаңа кодекс жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен мүддесін қорғауды нығайтуға бағытталған. Азаматтың мемлекет, билік органымен текетіресінде соңғыларының күші басым екені даусыз. Жаңа кодекстің мақсаты – осы теңсіздікті жою. Құжатта соттың белсенді рөлі арнайы принцип ретінде бекітілген. Бұл соттың тараптар ұсынған дәлелдемелермен шектелмей, істің барлық мән-жайын тыңғылықты зерттеуіне, дәлелдемелер жеткіліксіз деген жағдайда өз бастамасымен дәлелдемелер жинақтауына мүмкіндік береді. Сонымен бірге әкімшілік орган өзінің дұрыстығын дәлелдеп, сот

сұратқан құжаттар мен мәліметтерді беруі міндет. Талап қоюшы азаматқа мемлекеттік органмен салыстырғанда әлсіз тарап ретінде көмектесе отырып, сот іс бойынша шындыққа жетуге, заңдылық пен әділдіктің сақталуына ықпал етеді.

Сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып, дәлелдер ұсынбаған, тапсырмалар орындалған жағдайда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкіміне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот 20 АЕК дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, ме-

диация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот осы сот актісінде бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерге 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Аталған мәжбүрлеу шарасы, ескерту мен сот залынан шығарып жіберу тараптарды өз құқығы мен міндетін тиісті түрде орындауына ықпал етеді. Сонымен қатар бұл әкімшілік айыппұл түріндегі әкімшілік жаза, әкімшілік жауаптылыққа тарту болып саналмайды.

Қорыта келе, ӘРПК-тің негізгі міндеті жеке және заңды тұлғалардың жария құқығын, бостандығы мен мүддесін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдде теңгеріміне қол жеткізу; тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету; жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту болып табылады.

Н.БАҚТЫҒАЛИЕВ,
Темір аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЦИФРАНДЫРУ – РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

БАСТАМА



Кейіннен «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу», «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы секілді

Жаңа технология кез келген саланың жұмысына жан бітіріп, қызметін жеңілдеткені сөзсіз. Әсіресе электрондық жаңашылдықтар сот саласының тынысын ашқаны шындық. Сот тәжірибесіне ең алдымен «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі енгізілгені есімде.

электрондық қосымшалар халық игілігіне ұсынылды. Бұдан бөлек республикадағы барлық сот мәжіліс залдары толықтай дыбыс-бейне жазатын құрылғылармен қамтамасыз етіліп, сот отырыстары таспаға жазылатын болды.

Мұның барлығы сот жұмысын адам танымастай өзгертті. Бұрын сот ғимаратына арнайы келіп, арыз-шағыммен жазатын азаматтар енді онлайн режимде электронды түрде арыздарды, талап арыздарды беруге, шағымдар мен өтінішхаттарды жолдауға, сондай-ақ істің қаралу барысын бақылауға мүмкіндік алды. Әсіресе сотпен қоян-қолтық жұмыс істейтін адвокаттар қауымы «Сот кабинеті» сервисінің тиімді, пайдалы екенін айтуда. Сервис уақытын қадірлейтін азаматтарға қолайлы жағдай туғызғаны шындық. Жаңа ақпараттық технологияны енгізудің тағы бір тиімділігі – арызданушы азаматтар мен сот қызметкерлерінің тікелей қарым-қатынасқа түсуіне жол берілмейді. Осы арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға жағдай жасалған. Бұған қоса адам қолымен жіберілетін қателіктердің алдын алуға және қағазбастылықтан арылуға септігін тигізеді.

Сотқа түскен іс-материалдарының судьяларға автоматты

түрде бөлінуі де – жаңа технология жемісі. Бүкіл әлемді алқымнан алған коронавирус індеті дендеген шақта адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығы басты орынға қойылып, сот процестері жетілдірілген заманауи сандық технологиялардың көмегімен онлайн жүзеге асырылуда. Аурудың таралуына жол бермеу мақсатында бүгінде барлық сот отырыстары онлайн режимінде өтіп жатыр. Әрине, сот мәжіліс залдарында, қалыпты жағдайда сот отырыстарын өткізу судьяларға тиімді болары анық. Алайда, тараптардың денсаулығын сақтап, індет жұқтыруына жол бермеу одан да маңызды. Сондықтан онлайн соттар қажеттіліктен туындап отырғанын азаматтар түсінсе дейміз. Әрі коронавирус жақындарымыз алдындағы жауаптылығымызды арттырып, денсаулықтың, уақыттың қадірін ұқтырды. Осындайда сот-тасқаннан гөрі, азаматтар татуласып, мәселені ашумен емес, ақылмен шешсе, нұр үстіне нұр болары анық.

Ақмарал НҰРЫМ,
Ақжайық аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СҰХБАТ



Серік ЕРҒАЛИ, мәдениеттанушы:

«НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ АЙНАЛДЫРЫП ЖІБЕРДІК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жылына екі мезгілде күн мен түн теңеседі. Біреуі көктемде, екіншісі күзде, қыркүйек айында. Онда да 21-22 күндеріне сәйкес келеді. Бұл – жалпыадамзаттық мереке. Оған кемінде 5-7 мың жыл болды. 6-7 мың жыл бұрынғы шумерлер кезінде де ол атап өтілген. Наурыз оның ар жағында да мерекеленген. Астрономия болғаннан кейін адамзат баласы аспан әлеміндегі құбылыстарды ерте қолға алған. Соның ішінде ортаазиялық жұлдызшылардың еңбегі ерен деуге болады. Осыдан бірнеше мың жыл бұрын біздің жерден Америкаға кеткен мая, ацтек деген халықтардың да осы күн мен түннің теленуін қарастырған, өміріне кіріккен нәрселері бар. Мысалы, олар да күнге арналған, айға арналған пирамидалар салған. Бұл екеуін ерекше қараған. Ол табыну емес. Екеуі де өмірдің, тіршіліктің мәні. Мәселен, түнде Ай болмаса, онда Жер бетінде түнек болады. Күн шамалы тұтқынның өзінде үлкен оқиға болады. Ал Күн жоқ боп кетсе не болмақ? Тіршілік жойылып кетеді. Сондықтан бұған адамдардың жаратқаннан кейінгі тіршіліктің көзі ретінде табынушының мәні осында.

– Наурыз мерекесін атап өтудің белгілі бір тұжырымдамасы, тәртібі, бағдарламасы керек пе?

– Наурыз мерекесіне қатысты тұжырымдама керектігін айтып жүргенімізге кемінде он жылдан асты. Өз басым бұл тақырыпты 21 жылдан бері қозғап келемін. 2000 жыл – Мәдениет жылы деп жарияланғаннан бастап, бірқатар тақырыптар бойынша еңбектеніп, зерттеу жүргіздім. Соның бірі – Наурыз. «Наурыз мейрамын жаңаша мерекелеу тұжырымдамасы» деген тақырып бойынша авторлық ғылыми туындымды 12 жыл бұрын тіркеттім. Ол 2009 жылы жасалған. Содан бастап бірқатар қалада сынақтан өтті, ғылыми ортада талқыланды. 2009 жылы Астанада, 2013–2015 жылдары Шымкент қаласында атап өтілді. Биылдан бастап басқа жерлерде де жақсы қолға алына бастады. Тұжырымдама журналдарға, кітаптарға шықты. 2011 жылы өзімнің де кітабым жарық көрді.

Мемлекеттік мейрам ретінде барлық мерекелердің тұжырымдамасы болу керек. Ол неге арналған, неліктен ол мерекелік мейрам, ол қалай мерекелену керек деген мақсатпен. Өкінішке орай 30 жыл ішінде бірде-бір мерекенің тұжырымдамасы жасалмады. Сонымен қатар бізде басы артық мерекелер бар. Кейбірі кеңестік заманнан келе жатыр, мұра ретінде ешқандай құны жоқ. Төрт-бесуеі ғана мемлекеттік, ал қалғаны халықтық мереке ретінде атап өтілу керек. Оған демалыс арнау артық деп ойлаймын.

Наурызға келетін болсақ, 14-і жыл басы, жаңа Сиыр жылы кірді. Өкінішке орай Наурыз мейрамы бәрін шатастырып жіберген. Наурыз мейрамы екі аспектіден тұрады. Біріншісі – 14-індегі жаңа жылдың кіруі. Екіншісі – 21-22-дегі күн мен түннің теленуі. Осы екеуін біздің халқымыз біріктіріп атап өткен. Бұл туралы Бұхарара оқыған, үлкен діндар болған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалар жинағының 8-томныңда «1-8 арасында ресми мерекеге қатыстым» деп жазылған. Бұл Олиан күнтізбесі бойынша. Оны қазіргі Григориан күнтізбесіне сәйкестендіретін болсақ, 14-і мен 21-інің арасы. Осыған негізделіп 9 күндік мерекенің тұжырымдамасы жасалған болатын. Өкінішке орай әлі ресми шешім жоқ. Әр халық әртүрлі атап өтіп жатыр.

Жаңа жылдарында тұжырымдама жоқ қытайлар, орыстар 10 күн бойы демалады. Бірақ оның берекеті бар деп айта алмаймын. Біз ұсынып отырған тұжырымдамада қазақ халқының наурызға қатысты үлкен мұрасы бар. Соның бәрін танып, мерекеге айналдыру үшін 9 күннің әрқайсысына арнайы атау беріп, оның мақсатын ашып, белгісін,

шараларын анықтап, айқындап жазып бердік. Енді соны өмірге енгізу керек. Халық соны енгізгісі келеді. Бірақ осы салаға жауап беретін мемлекеттік органдар мән бермей отыр.

– Беташар, бесікке салу, тұсау кесу сияқты салт-дәстүрдің Наурыз мерекесіндегі рөлі қандай?

– Сіз айтып отырған салт-дәстүрлердің Наурызға ешқандай қатысы жоқ. Олар мейрамнан басқа 360 күнде күнделікті болып жатуы керек. Күнделікті әркім өзінің баласын бесікке салып, тұсауын кесе алады. Әркім өзінің түскен келінінің бетін ашу керек. Олар Наурыз мерекесі болса да, болмаса да, өмірде болып жатқан нәрсе. Біз, өкінішке орай, не екенін білмегендіктен, Наурыз мейрамын этнографиялық еске алу күніне айналдырып жібердік. Оны зерделеп, зерттеген жоқпыз. Асығыс 1988 жылы Кеңес үкіметінің идеологиялық бұғауынан құтылу үшін енгіздік. Одан бергі уақытта оны өзгерту үшін, танымсызды қайтадан жаңартудан қорқып келдік. Әлі күнге қорқып отырмыз. Жағдай солай.

– Көршілес Өзбекстан Наурыз сияқты үлкен мерекеге бір емес, бірнеше ай бұрын дайындалып, оған алыс-жақын шетелдерден саяхатшыларды көбірек тарту үшін бағдарламасын турфирмаларға алдын ала хабарлап қояды. Бізде қайда, не шара болатыны турист тұрмақ, тұрғындардың өзі 2-3 күн қалғанда ғана бұқаралық ақпарат құралдарынан естіп жатады. Бұл қалай?

– Бұл сұрақты жауапты министрлік жетекшілеріне қойған дұрыс. Солар жауап беру керек. Неге 2 ай бұрын дайындық жоқ екенін солардың орнында болсам айтар едім. Ал менің оған құзырым жоқ.

– Наурыз мерекесін белгілі бір күнмен ғана байланыстырмай, оны әр аймақтың табиғи-географиялық ерекшелігіне қарай атап өту керек деген пікірге қалай қарайсыз?

– Бұл Наурыз мерекесін демалыс күн қылуға арналған тұжырымнан шыққан. Көп адамдар наурыздан бастап мамыр айына дейін ішіп-жеп, ойнап-күлгісі келеді. Егер де біздің «Мемлекеттік мейрамдар туралы» заңда 3 күн көрсетілсе, оны бұрмалауға ешкімнің қақысы жоқ. Бұрмаласа, сотталу керек. Сосын Наурызды ауа райына, географиялық аймақтарға бөлу Қазақстанды соған сәйкес бөлшек мемлекеттерге айналдырғанда ғана болады. Біртұтас мемлекет болғаннан кейін мемлекеттік мерекенің барлығы климатқа, ауа-райына қарамай аталып өтуі керек. Мысалы, күнтізбелік жаңа жылды қатты аяз болса да, қар жауып тұрса да бәрі өліп-талып атап өтеді ғой. Оңтүстігі де, солтүстігі де, батысы да, шығысы да ешқандай сөз айтпайды. Мұның себебі Наурыздың не екенін білмегендіктен, оның дұрыс насихаты, тұжырымы қабылданбағандықтан. Дұрыс мерекелеу үлгісі қалыптаспағандықтан, әркім Наурыздан құтылғысы келеді. Мерекелігісі келмейді, соны пайдаланып демалғысы келеді. Мәселе осында.

– Күнтізбе бойынша жаңа жыл 1 қаңтардан басталғанымен, ескі жылдың ресми қорытындысы әлемнің барлық елдерінде ғана емес, қаржылық, өндірістік және өзге де түрлі компанияларда 2-3 айдан кейін ғана жарияланып жатады. Сондықтан жылды қорытындылап, үздіктерді марапаттау және қылмыс жасағандардың жазасын жеңілдету неге Наурыз мерекесімен орайластырылып қолға алынбайды?

– Бұл сұраққа билік басындағылар жауап бергені жөн. Мысалы 14-і күні жаңа жыл келді, Сиыр жылы кірді. Сонда неге бірде-бір ресми тұлға, лауазым иесі неге халықты құттықтамады?

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сауалнама МЕРЕКЕ КАРАНТИН ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛАЙ АТАП ӨТІЛУІ КЕРЕК?

22 наурыз - Ұлыстың ұлы күні. Жыл сайын Наурыз мейрамында елімізде мерекелік іс-шаралар өтіп, алаңдарда наурызкөже мен ұлттық тағамдар пісіріліп, ән мен биден шашу шашылып, ұлттық ойындар ұйымдастырылатын. Ал биыл карантин талаптарына байланысты бәрі өзгеше. Коронавирус пандемиясына байланысты Қазақстан үкіметі адамдар көп жиналатын бұқаралық шараларды өткізуге тыйым салды. Сондай-ақ, қонаққа бармауға және үйге қонақ шақырмауға кеңес берді. Мұндай жағдайда Наурыз мерекесін қалай атап өтуге болады?

Ғалия ҚАЙДАУЫЛҚЫЗЫ, этнограф:

– Наурыз – сан ғасырлық тарихы бар мереке. Табиғатпен келбеті келіскен бұл мереке осы күнге дейін өзінің өзектілігі мен өнегесін жоймай келе жатқан, жақсылықтың басы. Қазіргі уақытта пандемия салдарынан шектеу, бармас-келмес, алмас-бермес деген сын кезеңде тұрғанымен де, Наурыздың өзектілігі мен бағасы артпаса, кеміген жоқ деп ойлаймын. Бәрімізге мәлім, наурыздың бірнеше атауы бар. Сол секілді Наурыз мерекесінде дайындалатын наурызкөже асының да бірнеше атауы бар. Мәселен, «амал көже» деген бар. Осындай қиын-қыстау уақытта адамдарға ой сала-тұғын, жақсы мен жаманды, артық пен кемді түсіндіретін, амалын табу үшін «амал көже» береді. Одан кейінгі ерекше атау – «тілеу көже». Тілеу көжеде осыған қосымша, тілекті толықтыра түсетін секілді. Мысалы, тілеу деген дүрмек, ұлан-асыр төгілетіндей шара емес, бұл жаратқаннан жақсылық тілеу. Қысылғанды, қиналғанды, аш пен тоқ болғанды таубасына келтіруге – тілеу көже. Мұны «құдай көже» деп те атайды. «Жамандықтан сақтай гөр» деп құдай жолында берілетін көжені айтады. Мұның бәрін тізбелеп отырған себебін, қазіргі індет жайлаған уақытта бір-бірімізге демеу, тілеу болайық, осындай ізгі амалдар жасайық. Наурыз мерекесінде асыра сілтеу, аста төк, ысырапшылдыққа жол бермеу керек. Ізгіліктің ізінде, жақсылықтың жолында жүруге нәсіп етсін!




Белгібай ШАХМЕТОВ,
медицина ғылымының докторы, профессор:



– Наурыз мерекесі – түркі халықтары үшін қасиетті, ең қадірлі саналған мейрамдардың бірі. Наурыз – қара суық қыс айынан аман-есен шығып, тек адамның ғана емес, құллі жаратылыстың жанданып, тіршілік бастауымен тұспа-тұс келетін мереке. Тарих тағылымының тереңінде жатқан бұл күн қай жағынан болмасын өте ерекше. Сондықтан да жыл сайын Наурыз мерекесін отбасымызбен атап өтеміз. Дегенмен былтырдан бері коронавирус пандемиясына байланысты Наурыз мерекесі тойланып жатқан жоқ. Биыл да аландарда көпшілік іс-шаралар өткізілмейді. Қайітті індеттің таралуының алдын алу шараларына байланысты әркім Наурызды өз жаңауысында қарсы алғаны дұрыс деп жатыр. Дегенмен, төл мерекеміз болғандықтан, карантин талаптарын барынша сақтап, салт-дәстүрімізді ұстанып, наурызкөжемізді жасап, ақтан дәм татып, ән айтып, ерекше жарқын көңіл-күймен қарсы алуға тырысамыз. Бастысы, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Індеттің тарауына байланысты баршамамызға жауапкершілік болуы тиіс. Аманшылық болса, Наурызды келер жылдары кең көлемде атап өтуді нәсіп етсін!

Мақсат ЖАҚАУОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы, аймақтанушы:



– Әрине, биылғы жылы Наурыз мейрамын тойлау дәстүрлі қалпынан өзгеше болады. Бұған бәрімізге белгілі карантиндік талаптар мен пандемия кесірін тигізуде. Дегенмен, оның да жақсы жағын көре білуіміз керек. Бір-бірімізге барып, құттықтап, наурызкөжені ішпесек те, отбасылық мейрамның мызғымастығының күшеюі біршама арта түсетін уақыт болады. Меніңше, осы ұлттық киімді мән-мағынасыз кие салу көз алдымын үрдіс секілді болып көрінеді. Мұны шын ықыластың әлсіздігінен деп түсінуіміз керек. Себебі, наурызға жетудің өзі қыстың ауыртылғанынан шыққан тіршілікке нағыз қуаныш сыйлатын кезең. Осы тұрғыдан алғанда, соңғы жылы елімізге оңай тиген жоқ. Ұлттық мейрамды отбасында қарсы алу кезінде наурызбен жақсылық келетінін ыстық үмітпен күтуге ұмтылатын сезім қалыптасады. Биылғы Наурыз – адамдар арасындағы ізгілікті, мейірімділікті, жақынды бағалауды үйретіп, жағдайдың оңалып тілейтін шақ. Екінші жағынан – Наурызды халықтық тойлау үрдістерін, танымдық мағлұматтарды қамтитын ақпарат көздерін көбейту қажет. Қоғамның өзі, тойлау, әдет-ғұрып, бұқаралық мәдениет минимализм идеясына ауысты. Құндылықтарды жүйелеп берді. Бұрынғыдай аста-төк, науқандық тойлау, негізсіз бәсекелесу, еспесіз ысырапшылдыққа жол берудің заманы артта қалды. Қытайда биылғы дәстүрлі онкүндік жаңа жылдарын үйлерінде тойлап шықты. Одан олар жаман болған жоқ. Сол себепті, уақытша қиындықтар бәрімізді ұлттық құндылықтарымызды орнымен, мағыналы қолдануға, бірақ өміршеңдігін сақтауға итермелеуде. Бәлкім, осы шаралар Ұлыстың ұлы күні аз-Наурызымызды шын объективті бағалауға үйретіп, оны мүмкіндігімізге қарай атап өтуді қалыптастыратын болар.

Талғат ЖАНЫСБАЙ,
Республикалық жоғары медициналық колледжі бас директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарихшы:



– Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі тарихында ерекше аталып өтілуіне тиіс екі мереке бар. Оның бірі 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні болса, екіншісі – Наурыз мейрамы. Өкініштісі, осы ерекше мерекелеріміз жаңа жылдың, соның жарқ-жұрқ еткен жарнамаларының тасасында қалып қойып жатыр. Бұлай айтуыма себеп жоқ емес. Карантин жағдайында көшеге шығып, көрмелер ұйымдастырып, концерттік бағдарламалар қоймасақ та, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент секілді ірі мегаполистерде Наурыз мерекесімен құттықтайтын жарнамалар жасап, маңдайшалар ілу керек еді. Мысалы, жаңа жыл қарсаңында бір ай бұрын мерекелеу басталып кетеді емес пе? Ал Наурыз мерекесінің басталуына үш күн қалса да, әлі күнге арнайы құттықтау жазуы бар жарнамалар көрмедім. Одан бөлек, Наурыз мерекесінің қарсаңында карантин талаптарын күшейтіп, барынша тойлауға шақырып жатыр. Әрине, ол да бір жағынан дұрыс. Ауа райы жылына сайын қала тұрғындары бір-бірімен көбірек араласа бастайды. Қоғамдық көлік пен демалыс орындарында жұрт көптен жиналады. Салдарынан коронавирустың таралу жиілігі де артады. Бірақ карантин талаптарын сақтай отырып, Наурыз мерекесін атап өтуге болар еді деп ойлаймын. Мәселен, фаст-фуд сататын желілер мәзірлеріне наурызкөжені қосып, ақция жасап, тегін таратса да болады. Қала әкімдігі ұлттық киімдерімізбен челлендж ұйымдастырса, қандай керемет болар еді! Тіпті, қоғамдық көліктерге Наурыз мерекесімен құттықтайтын парақшалар ілсе де жарасар еді ғой! Қазіргі уақытта ЖОО колледждер мен білім ордалары Наурыз мерекесін онлайн форматта өткізіп жатыр. Біздің оқу орны да мерекеге орай қашықтан челлендж, байқаулар ұйымдастырып жатыр. Ең бастысы, тәжтәжалдан аман болып, Наурыз мерекесін жаңа қуанышпен қарсы алайық. Уақыт бәрін өз орнына қояды деп сенемін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Сауланаманы дайындаған Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ

Атырау облыстық сотында азаматтық істерді қарауға маманданған судьялар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оған облыстық сот төрағасы Бауыржан Жұмағұлов, судьялар, әкімдік, құрылыс және сәулет, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы басқармаларының, азаматтарға арналған үкіметтің, облыс прокуратурасының өкілдері қатысты.



Жиында Б.Жұмағұлов, соттар үшін жерге байланысты даулар әрқашан маңызды, өзекті және күрделі екенін атап өтті. Бүгінгі таңда жергілікті әкімдіктер жанындағы жер комиссиясының іс-әрекетін даулауға қатысты талап-арыздар саны артты. Бетен жер учаскесіндегі үй-жайды, ғимаратты бұзуға, пайдалану мерзімін ұзартуға байланысты сұрақ көп.

Сондай-ақ, спикер 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) қолданысқа енгізілуіне, әкімшілік соттардың құрылуына ерекше назар аударды. Әкімшілік әділет шеңберінде істерді қарайтын судьялар дайындықтан өтті. Жаңа кодекс халықаралық үрдістерге негізделген бірегей заңнамалық акт болып табылады. Ол әкімшілік рәсімдерді, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ жария-құқықтық қатынастар саласындағы дауларды шешу тәртібін реттейді. Дөңгелек үстел модераторы Анаргүл Салихова да осы тақырыптың маңызына тоқталып, ӘРПК-ні

қазірден бастап зерттеуді ұсынды.

Жер мәселесі ерекше маңызға ие. Жер дауын сотқа дейін реттеу мүмкіндігі әлі де өзекті болып табылады. Жиында Атырау облыстық сотының судьясы Г.Исамберлиева апелляциялық сатыдағы жер құқықтық қатынасынан туындайтын дауларды қарау бойынша сот практикасымен бөлісті. Ал Атырау қалалық сотының судьясы Қ.Салықбаев жер дауы, жер комиссиясының жұмысына қатысты туындайтын даулы мәселелер төңірегінде ой қорытты. Судья аталған санаттағы істер бойынша мысалдар келтіре отырып, мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алу кезінде заңдылықты қатаң сақтау қажеттігін атап өтті.

Шарада сөз алған Атырау қаласы әкімдігінің өкілі А.Нажимов жер дауына қатысты мәселелерді атап өтіп, жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау кезінде жер комиссиясының құқығы, нысаналы мақсаты бойынша игерілмеуіне байланысты жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою жөніндегі іс-қимыл мәселелеріне қатысты ұстанымын білдірді.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

КӨКЕЙКЕСТІ

АЖЫРАСУҒА АСЫҚПАҢЫЗ...

Заман дамыған сайын адамдардың, жалпы қоғамның көзқарасы, қарым-қатынас этикасы өзгерді. Ашы да болса, бұл шындық. Себебі, заманға сай адам психологиясы да сан құбылып отырады. Бұрын отбасы құндылығын алғашқы орынға қоятын халық едік. Енді, міне, менталитет өзгерді. Бұл бізге қажет пе, жоқ па – өзіңіз бағамдай беріңіз. Ресми дерек бойынша өршіп тұрған даулардың көпшілігі неке бұзу мен алимент өндіруге қатысты. Біз көбіне сотқа арызды арқапал келген жас жұбайларды райынан қайтаруға тырысамыз. Мақсат – отбасын сақтап қалу. Егер, алған бетінен қайтпаса, әрине арызды тіркеледі, заң аясында некесі бұзылады.

Танымал американдық әлеуметтанушы әрі психолог Констанция Аронс әлемде әрбір 13 секунд сайын бір отбасы ажырасады дейді. АҚШ-тың өзінде жыл сайын 1 000 000 шаңырақ шайқалады. Біздің елімізде де отау құрғандардың үштен бірі ажырасып жатыр. Осылайша ажырасу әлеуметтік проблемаға айналды. Ол – күйзеліс, уайым. Ақпарат көздеріне сүйенсек, Еуропа елдерінің ішінде ажырасу коэффициенті жоғары

Бельгия, Португалия, Венгрия елдері болса, ислам дінін ұстанатын елдердің арасында Қазақстанның ажырасу коэффициенті бәрінен жоғары.

Қазіргі басты мәселе – ажырасу факторын болғызбау. Өйткені, некенің бұзылуы – отбасының ойрандалуы, балалардың әкесіз не анасыз қалуы. Ажырасқан еркектердің әйелдерге қарағанда қайта некеге тұру мүмкіндігі жоғары болғанымен, көбінесе жалғыз қалып қояды. Сонымен қатар, балалы әйелдерге де тез арада тұрмысқа шығу оңай емес. Өйткені, ол өзіне жар ғана емес, баласына әке іздейді. Өмірде түрлі жағдай орын алатындықтан, ажырасуды мүлде болғызбау мүмкін емес, әрине. Сонда да соңғы шешім қабылдау сәтте баланың болашағына тағы бір үнілген дұрыс.

Жалпы, статистикалық мәліметтерге сай Қазақстандағы әрбір үшінші неке бұзылуға бейім. Әріге бармай-ақ, өзіміздің өңірдегі көрсеткішке көз жүгіртсек. Мәселен, жылдың басталғаны кеше болғанымен аудандық сотқа некені бұзуға қатысты 7 арыз түсті. Тіпті, олардың басым көпшілігі сот залында ойлануға, татуласуға уақыт та сұрамайтын болып шықты. Сөйтіп, талап-арыздар заң

жүзінде қанағаттандырылды. Мұндай көрсеткіш қорқынышты, әрине. Бұл – бұлтартпас шындық, факті. Отбасын сақтап қалуға кеңес беріп, осы айда медиация тәртібімен бір отбасын татуластырдық. Осылайша неке бұзуға өтініш білдіруге келгендерді райынан қайтаруға тырысамыз.

Ата-анасының мұндай қадамға баруы балалар психологиясына әсер етпей қоймайды. Қылығы бағалай балаларынан тірілей айырылатын әкелер көбейтпес, азаймай отыр. Ал жатжұрттық қыздарымыздың төркінін қайта паналауы да қазақы тәрбиеден алыстап бара жатқанымызды көрсетуде. Бұрын қазақта бұл мәселені ағайын-туыс, ел-жұрт ретте отырған. Тәжірибесі аз жастарға ақыл қосып, жас шаңырақты сақтап қалған. Ал қазіргі кезде бәрі ажырасу ісін сотпен бітіргісі келеді. Әрине, біз де заң жүзінде тиісті шешім шығарып береміз. Дей тұрғанмен арызданған екі тарап та отбасын сақтап, ең құрығанда баланың болашағын ойлауы керек.

Қорыта айтқанда, жастар ұсақтүйек қиындыққа төзе алмай, екіге бөлінеді. Ерлі-зайыптылардың ажырасуының зардабын ең алдымен ортадағы бала тартады. Бала тәрбиесінде әкенің де, шешенің де орны бөлек. «Үйлену оңай, үй болу қиын» дегенді бабаларымыз текке айтпаған және бұл сөздің астарында терең философиялық ой жатыр. Ажырасу – әрбір шаңырақ үшін қасірет. Сондықтан, ажырасуға асықпайық!

Т.ТЕМІРБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
төраға міндетін атқарушы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 30 ЖЫЛ

ЕГЕМЕНДІК ЕСЕЙТКЕН ҚҰРЫЛЫМ

Республикамыздың даму тарихынан отандық сот жүйесін бөліп қарай алмаймыз. Еліміз Тәуелсіздік алғалы сот саласы түбегейлі өзгерді. 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» заңы қабылданып, мемлекеттің – заңдық, атқарушы және сот билігі принциптерін басшылыққа алатыны нақтыланды. Әрі Конституциямен басты құндылық – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары кепілдендірілді. Бұл күнді бабаларымыз сан ғасыр бойы армандаған.

1992 жылы наурызда мемлекетіміз БҰҰ-ның мүшелігіне қабылдана, мамыр айында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы туралы стратегиясы» жарияланды. Тұңғыш Конституциямыз, мемлекеттік Әнұран, Елтаңба мен Ту және ұлттық теңгеміз өмірге жолдама алды. 1995 жылы Конституция жаңартылып, бас құжат республикалық референдумда бір ауыздан мақұлданды. Осы жылдар ішінде көптеген заң актілері, Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Азаматтық, Азаматтық-процестік, сонымен қатар, Еңбек және басқа да қоғамдық қатынастарды реттейтін кодекстер қабылданды.

Судьялардың сегіз съезі өтіп, нәтижесінде салада ірі реформалар орын алды. Соттардың құзыреті заңмен кеңейтіліп, әлеуметтік мәртебесі бекітілді. Республикамыздың сот жүйесі қырыққа жуық халықаралық органмен қарым-қатынас орнатты. Қазақстанның Судьялар одағы Судьялардың халықаралық қауымдастығына, ал ҚР Жоғарғы Соты Соттар әкімшілігі жөніндегі халықаралық қауымдастыққа мүше болды.

Тәуелсіздік алып, кеңестік тәжірибе мен заңдардан бас тартқан мемлекетімізде ұлттық заңдар базасы қалыптасты. Мемлекет басшысы судьялардың VIII съезінде соттар

мен құқық қорғау органдарының жұмысында кемшілікке жол бермеу керектігіне баса назар аударды. Себебі, сот тарапынан кеткен кез келген олқылық азаматтардың, кәсіпкерлер мен инвесторлардың мүддесіне нұқсан келтіреді.

Заман талабына сай жаңғыртылған билер институтының озық әдістері мен әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялар жүйедегі ашықтықты одан әрі арттырып, сот тәуелсіздігін нығайтуға айрықша ықпал етті. Әрі сот істерін тиімді шешудің жаңа тетіктеріне жол ашты. Озық технологиялар жетістігі сот төрелігін қашықтан атқаруға мүмкіндік берді. Мәселен, электронды сот төрелігі жариялылықты арттырды. Сонымен бірге карантиндік шектеу кезінде халықпен кері байланыс орнатуға жол ашты, жұмыс сапасын қалыпта ұстауға көмектесті. Бүгінде атқару парақтары жүз пайыз электронды нұсқада дайындалады. Соттар жұмысына заманауи форматтарды енгізу, яғни соттағы цифрландыруды одан әрі дамыту мақсатында «Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды. Жаңашылдықтарға сай судьяға қосымша өкілеттіліктер берілді. Соттардың мамандануы өркениетті елдер қатарына қарышты қадам бастырды.

Қорыта айтқанда, мемлекетімізде жасалып жатқан ізгі бастамалар сот төрелігінің тиімділігін қамтамасыз етумен қатар, жүйе жұмысына деген бұқараның сенімін нығайтты.

Ғалия ОҢЛАНБЕКОВА,
Бостандық аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПӘРМЕН

МАЛ ҰРЛАҒАҢДАРҒА ЖАЗА КҮШЕЙДІ

Бейбіт заманда қорасындағы санаулы малынан айырылып, сан соғып отырған ағайын көп. Өзгенің өрістегі малын өз малыңды көріп, барымталап кету бұрын да болған. Атап айтсақ, 1921 жылы Қазақ Коммунистік партиясының Атқару комитеті қабылдаған «Мал ұрлығымен күрес жөніндегі» декретінде мал ұрлығы халық шаруашылығының басты қатері екені жан-жақты жазылып, ол үшін тағайындалған жазаның ең ауыры – ату жазасы болған.

Осы орайда, елімізде қоғамдық тәртіпті күшейтіп, адамның құқығы мен бостандығын қорғау мақсатында игілікті жұмыстардың тұрақты жүргізіліп отырғанын айта кеткен жөн. Мәселен, Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны қатайту қажеттігін шегелеп тапсырғаны белгілі. Жолдауда жүктелген тапсырма шұғыл іске асырылып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қолданысқа енді.

Жаза қатайып, ауыр қылмыс санатына жатқызылған қылмыстың ішінде мал ұрлығы да бар. Осылайша, Қылмыстық кодекс мал ұрлығына қатысты жаңа баппен толықты. Енді 188-баптағы «ұрлық» Қылмыстық кодекстің 188-1-бабындағы қылмыс нысанынан бөлек, 188-1-баптың 1-бөлігі бойынша мал ұрлағандардың, яғни бөтеннің малын жасырын жымқырғандардың алдымен мүлкі тәркіленіп, оларға үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобын ірі мөлшерде жасаған мал ұрлығы үшін мүлкі тәркіленіп, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалау көзделген. Сондай-ақ, аталған қылмыс бірнеше рет қайталанса, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған болса мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза белгіленеді. Мал ұрлығы ұйымдасқан қылмыстық топ тарапынан аса ірі мөлшерде жасалса көзделген жаза тіпті ауыр. Осы орайда, мал ұрлауды кәсіпке айналдырған әккі қылмыстық

топтардың бар екендігін айтып өткен жөн. Олар жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Малды өріске қараусыз жіберу салдарынан орын алған мал ұрлығы туралы уақытылы хабарламау, малды ілесіп құжаттарсыз не жалған ветеринарлық төлқұжатпен алып жүру ұрлықтың дер кезінде ашылуына кедергі келтіріп жатады. Сондықтан, мал ұрлығына тосқауыл қою үшін қорасын қойға, шарасын майға толтырсақ деген әр мал иесі жауапкершілікті құзырлы органдарға артып, бұл өзекті мәселеге өздері де салғырт қарамауы тиіс. Статистикаға назар салсақ, өткен жылы елімізде 1,5 мыңнан астам мал ұрлығы анықталып, ұрланған 14 мың малдың 6 мыңнан астамы қайтарылған.

Ал, Мұнайлы аудандық сотында өткен жылы мал ұрлығына қатысты 2 қылмыстық іс қаралып, бір азаматқа қатысты 2 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалса, екі азаматтың бірі 5 жыл 6 айға, бірі 5 жылға бас бостандығынан айырылды. Орта жолдан оңай олжаға кенелемін деп бақылаусыз малды ұрлағаны үшін заң аясында бас бостандығынан айырылу өзгелерге сабақ болса игі.

Дәурен УТЕБАЛИЕВ,
Мұнайлы аудандық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ



Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқықтың белгісінің бірі – мемлекеттік тілі. Біздің ұлт екенімізді айтып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан өте әдемі, бейнелі тіліміз бар.

Сот жүйесінде де мемлекеттік тіліміздің қолданысына жіті назар аударылып, мемлекеттік тіл мәртебесін көтерудің өзекті мәселелері бақылаудан сырт қалмай келеді. Әсіресе соңғы уақытта сот төрелігін атқарудағы тіл қолданысы мәселесіне жіті көңіл бөлініп, игілікті шаралар қолға алынууда. Соның арқасында мемлекеттік тілдегі сот актілерінің стандартты біркелкі қалыптасты. Сот актілерінің мемлекеттік тілде сапалы шығарылуына мән беріліп отыр. Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов «Мемлекеттік тілге қатысты талап жыл сайын емес, күн сайын қатая бермек. Тек процестік құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізу жеткілікті. Енді сот процестерін біртіндеп қазақ тіліне көшіруіміз қажет. Ол үшін не керек? Екі нәрсе. Біріншіден, сөйлей білуіміз, екін-

шіден, жаза білуіміз керек», – деп алдағы күнге бағдар берді. Сот шешімін түсінікті әрі қарапайым тілмен жеткізе білудің маңызды екеніне назар аударып, судьяларды бос уақытында ішкендік өнерді меңгеруге шақырды.

Сондай-ақ әрбір сотқа жүгінуші азамат мемлекеттік тілдегі істердің көрсеткішіне өз үлесін қоса алады. Өйткені, сот ісін жүргізу тілі заң талабы бойынша арыздың қай тілде жолдануына байланысты. Ақтау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында 2020 жылдың 12 айында барлығы 4598 әкімшілік іс түскен, оның 3325-і мемлекеттік тілде, яғни барлық істің шамамен 72 пайызын құрайды. Сот тіл заңдылығының сақталуына кепілдік беріп қана қоймай, мемлекеттік іс жүргізуді сапалық белеске көтеруді мақсат етіп отыр. Оған барша сот қызметкерлері белсенді атсалысады деген сенімдеміз.

Ақмарал ЖАҒАБАЕВА,
Ақтау қаласы мамандандырылған әкімшілік соты
кеңсе меңгерушісінің міндетін атқарушы

АЙТАРЫМ БАР

ҰЛТПЕН ҮНДЕС ҰҒЫМ



Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, рухани мәдениеттің басты бір бөлігі саналады. Сондықтан тіл өзіне деген құрметті талап етеді.

«Тіл тағдыры – ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры – ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені, ана тілі мәселесі – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісі таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ата-бабамыз мұраға қалдырған ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілу жолын сөз еткенде, тарихты айнала отыра отырамыз.

Жалпы, қазақ тілінің мемлекеттік, саяси ауқымы сонау патшалық отарлау заманы кезінен бастап-ақ төмендей бастағаны белгілі. Бұл қауіптен қазақ тілі 1917 жылғы Қазан төңкерісінің арқасында құтылғандай болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында ұлт тілдеріне мемлекеттік және саяси тұрғыда жете мән беріліп, ұлт тілі мен мәдениетіне азды-көпті түсінушілікпен қарағандық байқалады. Себебі, жұмысшылар мен шаруалардың көсемі Ленин ұлт тілдері мәселелеріне жете көңіл бөліп, бірнеше ұлттардан тұратын мемлекетте ұлт тілдерін дамыту мәселесіне қатысты пікірлер қалдырды.

Ал, тоқырау жылдарында біздің ғалымдарымыз қазақ тілінің

тек ішкі құрылысын ғана зерттеді де, оның қоғамдық мәні, өмірдегі орны, ана тілінің тілдік қызметінің толық мәнді принциптері туралы сөз қозғамады. Жалпы, кеңестік дәуірдегі зерттеулер, яғни 1989 жылы Қазақ ССР «Тіл туралы» заңы қабылданған кезге дейінгі жарық көрген еңбектер ресми идеологияның шеңберінен шыға алмай, біржақты ғана жазылды. Бұл еңбектерде ұзақ жылдар бойы интернационалдық біртектілікті, «ұлттарды біріктіруді», яғни КСРО халықтары мен тілдерін жақындастыруды насихаттау мақсатты түрде көрініс берді. Мұның өзі кеңестік жүйе белгілегендей, Қазақстандағы ұлт тілдерінің дамуы негізінен алғанда, сол кезеңдегі партиялық мемлекеттік саясат ыңғайына сәйкес зерттелгендігін байқатады. Осылайша, 1980 жылдардың бас кезінде қазақ тілі өз республикамызда белгілі бір дәрежеде беделін жоғалтып алды деуге болады. Міне, осындай объективті себептерге байланысты қазақ тілі беделінің төмендеуі, қолданыс аясының тарылуы оны республика бойынша мемлекеттік тіл деп тануға итермеледі.

А.СӘНДІБАЕВА,
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

ОҢ ҚАДАМ

Бар ілтипат – аналарға!

ҚАЖ департаментіне қарасты Алматы қаласының ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған жазасын өтеуші жасөспірімдер арасында аналар мерекесіне орай арнайы шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға мекемедегі жазасын өтеушілер, алыста жүріп анасының аялы алақанын аңсаған жасөспірімдер қатысып, кеудесін кернеген сағынышын жүрекжарды тілектерін, хаттарымен жеткізді.

Елді жайлаған пандемия кесірінен біршама уақыт ата-анасы, жақындарымен кездесе алмай жүрген жазасын өтеушілер мерекесі қарсаңында аналарына деген жан тебіренерлік лебіздерін

ақ көңіл, шын жүректен жазып жолдады. Жазасын өтеуші балалардың салған суреттерінен, жазған құттықтау хаттарынан анаға деген сағынышты аңғармау мүмкін емес.

Осындай шараны ұйымдастырған тәрбие бөлімі қызметкерлерінің басты мақсаты – жасөспірімдерге тәрбиелік ағарту жұмыстарын жүргізу арқылы қоғамнан жырақ қылмай, өз орнын табуына көмектесу болып табылады.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Альянс (Альянс)» ЖШС, БСН 150540014384, жарғылық капиталдың азайғаны (нақты - 200 000 теңгеге дейін) туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 127-үй, 1-пәтер, телефон: 87477542589.

7. «Компаниа «ФишОпт-11» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 110740010778, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қаскелең қаласы, Бейсебаев көшесі, 64. Тел.: 87016213666.

8. «Алтын Жұлдыз 1» ЖШС, БСН 040340006284, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 223В, 50-пәтер. Тел.: 87029850170.

9. «Ломбард «СЕМЬ КАРАТОВ» ЖШС, БСН 110740013207, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, 193-орам, 2079-үй. Тел.: 87029850170.

10. «КН Строй Монтаж» ЖШС, БСН 140240031410 (Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, Маңғыстау 5, №875 үй, пошта индексі 130006), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 12 шағынаудан, 59-үй, 65-пәтер. Тел.: 87013849297.

11. «Аrag Group» ЖШС, БСН 180940017557 (Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 50), өзінің

таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 216Г, 3-қабат, 3-кеңсе.

12. «ULTRASPTIK» ЖШС, БСН 201140020577, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Л.Беда көшесі, 40-үй, 114-пәтер.

13. «Сагинбаев» ЖШС (БСН 170640007349) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Қоқшетау қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 174-үй, 3-пәтер.

14. «Чингиз-Астана» ЖШС (БСН 070440013810) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар көшесі, 12/1 үй, 378-пәтер.

16. «КАЙРАТ» күзет агенттігі» ЖШС, БСН 040640011350, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Молодежная көшесі, 25-үй.

17. «WellCom'E» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 120140015203 (Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Қонаев көшесі, 14-үй, кеңсе 337), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 25Б, 2-пәтер. Тел.: 87015143937.

ӨРТУРА

3. «ҚТЖ-Жүк тасымалдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «ҚТЖ-Жолаушылар локомотивтері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін болу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды.

6. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы МБК арқылы 2021 жылдың 31 наурызында 15 сағат 20 минутта Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы шешіміне «Жебеуші Құрылыс» ЖШС және «RBK Bank» АҚ апелляциялық шағымы бойынша (№7527-20-00-2 / 8030 іс) түскен «Жебеуші Құрылыс» ЖШС (бұрынғы «Exclusive Stroy» ЖШС) банкроттық туралы өтінішімен қозғалған азаматтық іс бойынша сот отырысы туралы хабарлайды. Қосымша сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласыңыз: 87273309118.

БАНКРОПТЫҚ

4. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 4 наурыздағы ұйғарымымен «НИКАМУНАЙ» ЖШС-нің өтініші бойынша банкрот деп тану туралы азаматтық іс қозғалды.

МҰРАГЕРЛІК

5. 12.11.2020 ж. қайтыс болған Қалдыбаев Курбанбайдың артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлердің Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Төрткөл ауылы, Қонаев көшесі, 2/2 үй мекенжайы бойынша нотариус Н.К. Өмірбайға жолығулары сұралады. Тел.: 87014561853.

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтсінов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктік жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Телле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Таянша.

ЖК «Выйды», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

«ЗАЩИТА УБА» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - Серіктестік) өзінің несиелеріне қатысушылардың 12.03.2021 ж. өткен кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен «Секисовка» ЖШС-нің бөлініс шығуы арқылы Серіктестіктің қайта ұйымдастырылатыны туралы ескертеді. Жанадан пайда болған «Секисовка» ЖШС Шығыс Қазақстан облысы, Глубоковский ауданы, Секисовка ауылы, Шоссейная көшесі, 13/2 мекенжайында орналасатын болады, бөлсеу тегерімі жалғанды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 1 шілдесіндегі №665 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы №404 бұйрығына 2-қосымша

Бухгалтерлік теңгерім Нысан

Индекс:	№ 1 - Б (теңгерім)
Кезеңділігі:	жылдық
Ұсынушы:	қаржылық жылдың қорытындысына жария мүдделі мекемелер
Қайда ұсынылады:	бағдарламалық қамту арқылы электронды нысанда қаржылық есептілік депозитарийіне
Ұсыну мерзімі:	есепті кезеңнен кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей
Ескерту:	есепті тоқтату бойынша түсінік «Бухгалтерлік теңгерім» әкімшілік көрсеткіштерін жинауға арналған нысанға келтіріледі

Ұйым атауы:	«ЗАЩИТА УБА» жауапкершілігі шектеулі серіктестік				
	2021 жылдың 31 қаңтарындағы жағдай бойынша				мың теңге
Активтер	Жылдың қорытындысы	Есепті кезеңнің соңында	Есепті кезеңнің басында	«Защита УБА» ЖШС есепті кезеңнің соңында	«Секисовка» ЖШС есепті кезеңнің соңында
	1	2	3	4	3
I. Қысқа мерзімді активтер					
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	010	67 275	79 501	57 650	9 625
Қысқа мерзімді қаржылық активтер, амортизациялық құны бойынша бағаланған	011	-	-	0	0
Қысқа мерзімді қаржылық активтер, басқа жиынтық табыстар арқылы әділ құны бойынша бағаланған	012	-	-	0	0
Қысқа мерзімді қаржылық активтер, кірісі мен шығысы арқылы әділ құны бойынша ескерілген	013	-	-	0	0
Қысқа мерзімді туынды қаржылық құралдар	014	-	-	0	0
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық активтер	015	25 772	22 821	25 772	0
Қысқа мерзімді сауда және басқа да дебиторлық қарыздар	016	47 925	33 682	47 925	0
Қысқа мерзімді дебиторлық жалгерлік қарыз	017	955	1 061	955	0
Сатып алушылармен келісімшарт бойынша қысқа мерзімді активтер	018	-	-	0	-
Ағымдағы табыс салығы	019	1 302	1 232	1 302	0
Қорлар	020	1 173 980	1 222 497	931 222	242 758
Биологиялық активтер	021	-	-	0	-
Басқа да қысқа мерзімді активтер	022	271 121	143 680	243 420	27 701
Қысқа мерзімді активтердің қорытындысы (010-нан 022-ге дейінгі жылдың сомасы)	100	1 588 330	1 504 474	1 308 246	280 084
Сатуға арналған активтер (немесе шыққан топтар)	101	-	-	0	-
II. Ұзақ мерзімді активтер					
Ұзақ мерзімді қаржылық активтер, амортизациялық құны бойынша бағаланған	110	209 577	201 577	209 577	0
Ұзақ мерзімді қаржылық активтер, басқа жиынтық табыстар арқылы әділ құны бойынша бағаланған	111	-	-	0	0
Ұзақ мерзімді қаржылық активтер, кірісі мен шығысы арқылы әділ құны бойынша ескерілген	112	-	-	0	0
Ұзақ мерзімді туынды қаржылық құралдар	113	-	-	0	0
Бастапқы құны бойынша ескерілген инвестициялар	114	-	-	0	0
Үлестік қатысу әдісі арқылы ескерілген инвестициялар	115	-	-	0	0
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық активтер	116	(5 032)	(5 032)	-5 032	0
Ұзақ мерзімді сауда және басқа да дебиторлық қарыздар	117	-	-	0	0
Сатып алушылармен келісімшарт бойынша ұзақ мерзімді активтер	118	-	-	0	0
Инвестициялық мүлік	120	-	-	0	0
Негізгі қаржылар	121	2 724 619	2 750 355	2 490 944	233 675
Қолдану құқығы нысанындағы актив	122	620 355	621 884	370 609	249 746
Биологиялық активтер	123	-	-	0	0
Барлау және бағалау активтері	124	-	-	0	0
Материалдық емес активтер	125	18 543	18 794	18 543	0
Кейінге қалдырылған салық активтері	126	4 999	4 564	4 999	0
127	-	-	-	0	0
Ұзақ мерзімді активтердің қорытындысы (110-нан 127-ге дейінгі жылдың сомасы)	200	3 573 061	3 592 142	3 089 640	483 421
ТЕҢГЕРІМ (100 жол + 101 жол + 200 жол)		5 161 391	5 096 616	4 397 885	763 506
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер					
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, амортизациялық құны бойынша бағаланған	210	759 043	1 077 510	553 338	205 705
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, кірісі мен шығысы арқылы әділ құны бойынша бағаланған	211	0	0	0	0
Қысқа мерзімді туынды қаржылық құралдар	212	0	0	0	0
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	213	11 177	14 548	9 600	1 577
Қысқа мерзімді сауда және басқа да несиелік қарыздар	214	21 403	45 308	16 645	4 757
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215	15 684	17 152	15 684	0
Табыс салығы бойынша ағымдағы салықтық міндеттемелер	216	0	0	0	0
Қызметкерлерге сыйақылар	217	7 184	7 170	7 184	0
Қысқа мерзімді жалгерлік қарыз	218	0	0	0	0
Сатып алушылармен келісімшарт бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	219	0	0	0	0
Мемлекеттік демеуқаржылар	220	0	0	0	0
Төленетін дивидендтер	221	0	0	0	0
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	222	2 563 692	2 091 759	2 329 738	233 955
Қысқа мерзімді міндеттемелердің қорытындысы (210-нан 222-ге дейінгі жылдың сомасы)	300	3 378 183	3 253 447	2 932 189	445 994
Сатуға арналған шыққан топтардың міндеттемелері	301	0	0	0	0
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер					
Ұзақ мерзімді қаржылық мін					

(Соңы. Басы өткен санды)

Жендет

Кешке қарай Алматының тау жағы таңғажайып қой, шіркін! Алатауымнан аңкылдақ ақ самал ақтарылады, тұла бойыңды ұлпадай сылап, жұпардай сипап, жандүниенді анау жарқыраған жұлдыздардан да жоғарылатып жіберетін қасиеті-ай! Шайыры аңқыған нән ағаштар жол беріп, тротуардың екі шетінде сақшылардай тізіліп қалыпты. Кәусар ауасы кеуде сарайыңды ашып жіберетін тымық інірде ары-бері көп жүрдік.

– Жанағы құран оқыған кісіні таныдың ба? – деп сұрады генерал көкем.
– Жоқ, көрмеген адамым сияқты.
– Сен оны көргенсің... Ол сені бірден таныды. «Баяғыда енесінің жанында құлағы едірендеген құлындай тыпыршып тұрған мұны сол кезде кім десем, Сіздің туысыңыз екен ғой» деді. Есінде ме, баяғыда мен министр болып тұрғанда әлгі аса қауіпті қанышерді атқан азамат. Ол кезде сержант болатын, қазір отставкадегі майор. Бұларды сыртынан – жендет, палач деп те атайды. Жоқ, бұлар тапсырманы мұлтіксіз орындаушы, МВД қызметшісі. Мына жігіт құралайды көзге атқан мерген, бірден көздеген жеріне дәл тигізеді де, сеспей қатырады. Сабырлы, қан қысымы бір өзгермейді, бұлар дәрігердің үнемі бақылауында болады ғой. Ерекше тапсырма орындайтын бұл бөлімнің қызметкерлері елмен араласпайды, қатаң сұрыптау, іріктеуден өтеді, сырт бейнесі, бет-аузында есте қалатын ерекшеліктері болмауы тиіс. Бұлар төменде – подвалда отырады, сонда жаттығатындықтан подвалниктер-көртышқандар деп те атайды, жалпы сапқа тұрғызбаймыз. Мәскеуден өте құпия тапсырма түседі, Совет Одағының бір жерінде мемлекетке аса қауіпті мынадай жанды сездірмей жою керек десе, дереу жанағы подвалдағы сарбаздың біреуіне ерекше тапсырма беріп сапарға жібересің. Бәленбай күннен кейін жай киіммен кеткен ол «тапсырма орындалды!» – деп келіп тұрғанда, он күн, кейде жиырма күн демалыс береміз, шенін жоғарылатып, сыйақы жазамыз. Міне, мына жігіт те сондай мықты азаматтың бірі, білімі – колледж ғана бітірген, бірақ тындырымды. Жан баласымен араласпайды, дос-жараны жоқ, тұйық, бұйығы. Майор шеніне дейін көтердім. Бес баласы бар екен, бір ұлы үйленгенде отставкаге шыққан кезінде шақырды. Туған-туыстарының көзінше әбден мақтадым, қатты риза болды. Меккеге барып, қажы болып келді. Міне, бүкіл санаторийде демалушылардан сол гана ораза ұстапты. Егінді жердей жеп құртатын арам шөпті жұлып тастайды ғой, сол сияқты елге зор зиян, орасан қауіп келтіретіндерді білдірмей көзін жою осындай мықты жігіттерге сеніп тапсырылатын. Нариман, сен де ана баяғы сержант, бағанағы майорды танымапсың ғой, – деді генерал ағам күбір-күбір сөйлеп, нән ағаштардың көлеңкесінде арлы-берлі жүріп, серуендегенімізде.

Ертесіне кешке мен ауызашар бердім. Келінім балам екеуі қой сойып, пісіріп әкепті. Бабымен сылынып піскен басты Мақсат көкеме, жамбасты құран оқыған кісінің алдына қойдым. Майор құйқылжыта әуеніне келтіре құран оқыды да, тамақ ішіп бітпестен жатып бір шаруам болып тұр деп, кетіп қалды. Генерал екеуміз Терренкурде бір сағаттан аса жүрдік. Аңкылдаған самал өзеннің сылқ-сылқ күлкісіне көміліп, құлдила есоғайды. Жазғы ымыртта жалбыздың, кара бүлдіргеннің ашкылтым иісі бүркырайды.

Көкейдегі көк дәптер

Медеу сайы көркем ғажаптығын көрсетуге қызғанғандай, кара-көлеңкемен қымтана бастапты. Аспапқа ақ



маржандай жарқырап шыға келген сан миллион жұлдыздар жерге тамып-тамып түсердей мың-мың жерден жымындап еркелейді.

Көптен көкейімде жүрген нәрсені сұрап қалғым келді:

– Аға, баяғы хатты бердіңіз бе?

– Қай хатты? Е-е, анау жетпіс бесінші жылғы қылмыскердің көк дәптері ме? Жоқ, бермедім. – Бұл кісінің есте сақтау қабілеті сұмдық, ештеңені еш-уақытта ұмытпайтынына таңқаламын.

– Неге, бермедіңіз аға? Онда ешқандай криминал, құпия нәрсе жоқ еді ғой.

– Беруге болмайды. Заң солай. Заңнан аттауға болмайды. Ол көк дәптерді құжаттарына тіркеп, архивке өткіздік. Біреу-міреу іздесе содан табар.

Екеуміз де үндемей өзен жағасына келіп тұрдық. Су шолп-шолп сылқылдап аққан үнемі сезімділікті қытықтап ойнағандай. Бұрқаған тамшылардан шашуын шашып, ақкүмістен асыға жүйткіп ағады. Алыстан қырғауыл қоразының күркілі естіледі. Өзен аңғарында әредік салқын жел желпіп өтеді.

– Қалам ұстаған інімсің ғой. Саған бір көлеңкедей ойымнан шықпай қойған құпия жағдайды айтайын. Онда мен бір облыстың милиция бастығымын. Облыстың прокуроры, соты үшеуімізге түрмеге баруға Мәскеуден тапсырма келіп түсті. Бір азамат кісі өлтірді деген үкіммен жиырма бір жылға сотталып, тоғыз жылдан отырғанда, шын басқа қылмыскер табылып, бәрін мойындаған. Сағат онда түрме бастығының кеңсесінде отырдық. Быршып толып кеткен подполковник сұраған құжаттарды алдыртып, терлеп-тепшіп есі шықты. Алғашында өзін тергей ме, қамауға ала ма деп зәресі ұшыпты. Құм жоталардың арасына салынған бұл ескі түрме қаладан тым алшақ, басшылар көп келе бермейтін көптің көзінен жыраққа орналасыпты. Бұл облысқа менің ауысып келгеніме екі ай, прокурорға бір жыл, ал сот төрағасы бес жылдан бері сонда істеп келеді. Кабинетке сотталған жанды алдырттық.

Бас киімін шешіп, босағада тұра қалған оның кейіпін көріп қырық жаста деп ойламас едім, шашы түп-түгел ағарған, екі ұрты солған, күрек тісі жоқ бейне кәужіреген шал тұрғандай көрінді. Прокурор, одан кейін сот төрағасы сөйлеп, бұл кісінің еш жазығы жоқ, толық ақталғаны жөнінде үкімді оқып, қолына берді. Анау екі парақ қағазды ары-бері аударыстырып тұрып-тұрып: «Менің тоғыз жылғы уақытымды кім қайтарып береді?» – дегені. Ол жылар,

айқайлар, балағаттар деп, біз бәріне іштей дайындалып келгенбіз. Бір қарасақ үшеуіміз әлгіні қаумалап, кешірім сұрап жатырмыз. Шашы аппақ қудай күр сүйек оны алып шығып, енді ауылдағы үйіне тарттық.

Жала

Үш-төрт машина сау етіп, есігінің алдына жетіп барғанда үйден қолында ожауы бар әйел, үйелмелі-сүйемелі үш ер бала шығып, тандана қарасып қалды.

Егде сот төрағасы:

– Осы үйдің отағасы жаламен сотталыпты, сол кісі толық ақталды. Міне, облыстық сот, прокурор, милиция бастықтары бәріміз Сіздерден кешірім сұрап келдік, – деп артқы машинадан түсірілген отағасын қаумалап әкеп табыс еттік. Қолында ожауы бар әйел селк етіп талып түсті, су шашып әзер есін жиғыздық. Үш үл әкесіне жабысып еңіреп, жылап жүр, әкесі байқұс оларды қапсыра құшақтап алған. Әйел есін жия салып күйеуіне асылып ойбайды салды дейсің кеп...

– Баяғыда сот болғанда «Егер мен қылмысты болсам, бірден атып тастандар еш қылмысым жоқ» – дегеніне сенбей мұны соттап жіберіп едіңдер. Сормаңдайлым, асылым-ай» – деп көз жасын көл қылып, еңірей боздап жылағанын айта. Озандаған қалпы қолындағы ожауын тастауға шамасы келмей айқайды салып, ғөй-ғөйге басқанын естіп, көршілер жиналып қалды. Сол кезде күміс сақалы кеудесін жапқан сұлу кескінді ақ қалпақ киген бір қария: «Сендер начальник болсаңдар, клубқа бүкіл елді жинап, солардың көзінше ақталғанын айтып, кешірім сұраңдар. Екі парақ қағаздарыңды не қылайын» – дегені. Ертесінде ауданға айтып, елді клубқа жинап, бәрін көзінше түрмеде жазықсыз отырған мүсәпірден кешірім сұрадық. Ел бірінен кейін бірі сөйлеп әлгіні мақтап ала жөнелді, совхоз директоры жаңа трактор беретінін, звено жетекшісі болатынын да айтты. Жазықсыз жапа шеккен ол туралы, оның адами қасиеті жөнінде, заң орындарының осыншама жауапсыздығын бетімізге басып кінәлап сөйлеушілер көп болды. Әсіресе, алдын аппақ күміс сақал көмген ақ қалпағын шешпей трибунаға шыққан ақсақал қолындағы тағыммен сахнада отырған біздерді көрсетіп: «Мына жаламен сотталған бауырымыздың барлық шығынын орнына келтіресіңдер. Үшеуіңнен осыны ар соғына саламын. Болмаса Мәскеуге аттарыңды

атап жазамыз да отырамыз. Бұл – бір. Екінші осында жазықсыз тоғыз жыл адам көрмеске барып келген інімнің үйіндегі келінім отыр. Міне, нағыз адал жар, ардақты ана осы келінімдей-ақ болар! Тұра қойшы қарағым. Тоғыз жыл бойы күйеуін күтіп, ақ екенін зарлап айтудан тандады. Жиырма бір жылда кім бар, кім жоқ демеді, жарының ақ төсегін ардақтап, балаларын бағып-қағып, ас суын, ішер тамақ, киер киімін қамдап, жұмысын істеп, түрмедегі күйеуіне жыл құрғатпай барып тұрды. Міне, нағыз ана! Нағыз адам! Киелі жердің қызы еді, біздің елдің қасиетті келіні екеніңді баршаға үлгі еттің қарағым! Саған Алланың нұры жаусын!» – дегенде зал толы халық ду қол шапалақтап жіберді. Көңілі бостары жылап та отырды.

Ар соты

Қара жерге кіруге тесік таппай әбден қиналып, біз үшеуіміз де жер болып шықтық. Мәскеу арқылы ізденіп тоғыз жылғы жазықсыз тартқан жәбір-жапаның төлемін дұрыстап алып беруге заң жолымен уәде еттік.

Облыс орталығына түнде жеттік. Қалаға кіре беріске тоқтап, машиналарымызды қантарып қойып, жол бойынан әрірек барып үшеуіміз ақылдаса бастадық.

Ақыры мынадай келісімге келдік. Прокурор осы бүгінгі істі былықтырғандарды түгел тергеуші, соттан бастап жауапқа тартады. Сот төрағасы жазықсыз сотталған жанның тоғыз жылғы еңбекқамысын қосымша өндіріп беретін болады. Ал мен, оның бір ұлын оқуға түсіріп, дипломын алып беруге, қамқорлық жасауға келістім. Ана екеуі бір күйеуіне жетпей-ақ уәдесінде тұрды. Істі жүргізген тергеушілер мен судьялар түгел қызметінен босатылып, тергеуге алынды. Сот бізбен бірге қосылып Мәскеуден қуып жүріп өтемақысын өндіріп, мол қаржыны аударып беріп, оған жәбірленуші жанұя өзге қажеттерімен бірге жаңа үй салып алды. Мұнда менің қызымға соқты, тұңғышы аттестат алысымен қай оқуға баратынын біліп, ректормен сөйлестім. Жатақханаға орналастырып, бар жағдайын бес жыл бойы сыртынан қадағалап жүрдім. Ақыры диплом алып, еліне мұғалім болып оралды. Кейін министр болғанда облыс басшысына айтып әлгіні мектеп директорығына тағайындаттым. Мұның бәрін өзіне, үйіне сездірмей, білдірмей сыртынан істеп, «уһ» дедім ғой. Әкесі байғұс кейін-кейін мұнда қайтыс болғанын естідім. Сол шашы

аппақ қудай ағарып кеткен жанның «тоғыз жылғы уақытымды кім қайтарып береді?» – деген міскін бейнесі көкірегімнен кетпей, түсіме де кіріп жүрді. Қаншама қылмыскер, сотталушы, небір қилы-қилы оқиғаларды көрдік қой. Бірақ осы бір жайт көлеңкемдей қыр соңымнан қалмай, еш ұмытпа алмай-ақ қойдым. Бұл бүкіл өміріме сабақ болды, әр нәрсенің ақ, қарасын ажыратып алуға тырысатын болдым.

Елес

Біздерде жүрек жоқ, мейірім-шапағаттан жұрдай деп ел өсектейді. Жоқ, олай емес. Жанағы құран оқыған майор айтады: «Соңымнан әлдекімдер тысырлап аңдып жүрген сияқты, көлеңке болып баяғылар кезектесіп күзететін секілді алағызып, жүрегім байыз таппайтын жайға душар болдым. Меккеге де бардым, ораза-намазды да қаза қылмаймын. Соңымда қалбақтап ілесіп сыбыр-күбір етіп аңдып жүргендердің үнін бұлдыр естимін, қарасам сұлбасы жалт етіп көрінбей кетеді. Невропатолог, психолог дәрігердің талайына көрініп, қаралдым, – «Әлі жиырма бестегі жігіттей дындайсыз, ешқандай ауытқу, ауру-сырқау түк жоқ» – деп шығарып салады», – деп сырын айтты.

Нариман, сені қасыма жұмысқа шақырғанымда келмегенің дұрыс болыпты. Сенің мінез-құлқың судай тұнық, адал қалпың бізге жарамайды екен. Әлі көк дәптерді сұрай бересің. Оның әйелі, балалары фамилия, аты-жөндерін ауыстырып, намысқа шыдамай басқа облысқа көшіп кетті. Ал, сен ол қанішердің сұхитына сенесің.

Сыр ашып, біраз нәрсені ақтарып салдым. Қой қайтайық, жеңген жатып қалған да шығар, – деп генерал ағам өздері жеке жатқан апартамент үйге беттеді.

Алматының қара барқыт мақпал түнінде санаторийде ой қаумалаған мен денем тоңазығанша ары-бері кезіп жүріп алдым.

Келер жылы жазғытұрым Досов көкем аяқ астынан қайтыс болды. Иықтары жарқыраған генералдар мен шенділер қарақұрым қаптап Офицерлер үйіне сыймай салтанат өткізіп, оркестрмен қаралы марш ойнап, Алматының көшесімен алып жүрді. Кеңсайға апара жатқанда шұбырған машина нөпірі бүкіл жолды жауып тастады.

Ел жапа-тармағай жерлеп, әп-сәтте жас топырақ басқан бейіт төңірегіне қаралы қауым сарсап отыра қалып, қала имамы құран оқыды.

Жұрт тарай бастағанда өмірі көзіне жас алмайтын емендей тіп-тік әкем бүгіліп, «Бауыр-е-ем! Бауырым!» – деп қарлыға дауыс сап жылап жібергені. Мақсат көкемнің небір шуақты мінездері есіме түсіп, енді сол бір жан мәңгілікке кеткені ме деп мен де көзіме еркіз жас алдым. Топырағы үйілген мүрде басында жақын туған-туыстары ғана қалды.

– Ел қырық қадам ұзап кетті ме? Енді бұл кісі о дүниелік. Бұл аруақ көкеміз тірілерден тек құран дәмәтеді, – деп көнетоз қуртка-шапанды біреу күнқағарын баса киіп, көк шөпке отыра қалып, тағы да құран оқи бастады.

Таныс дауыс, мақамына шейін білетін бұл кім екен деп бұрылып қарасам – былтырғы санаторийдегі майор. «Иә, Алла, Досұлы Мақсат пендеңіздің біліп істеген, білмей істеген күнәлары болса кешіре гөр» – деп құранды мәнерлеп оқып бітіріп, бір шөкім топырақты іліп алып, бейіт үстіне сезбегізіп тастады да, бұрылып жүріп кетті.

Мені анық көрсе де көрмегенсіген кейіп танытты. Баяғы ел көзінен таса жүруге тырысатын қалпы әлі бар. Сол бір жанның бет-бейнесін көз алдыма нақты елестете алмаймын. Бұлдыр-бұлдыр көптің бірі, көлеңке іспетті бұл адамды кейін, содан қайтып кездестірмедім. Өмірде өткізіп алған кешірілмес күнә – көлеңкедей екен-ау...

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамедиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй,
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана

Тапсырыс №38 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-К үкелікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31